Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

ЖАЛҒЫЗ

2026

ӘОЖ

ҚБЖ 84 Қаз-5

Дәуренбек Бұланбаев. Жалғыз: *Жыр кітабы* – Қарағанды: «TENGRI Ltd» баспасы, 2026. – 112 б.

Бұл жинаққа ақынның ертеректе жазған өлеңдері және соңғы жылдары жазған жырлары, балладалары мен поэмалары, сонымен қатар балаларға арнап жазылған әңгімелері енгізіліп отыр. Кітап жалпы оқырмандарға арналған.

ISBN

ДӘУРЕНБЕКТІҢ ЖЫР-ДӘУРЕНІ

Арқа даласы қашаннан-ақ ақынға кенде болмаған. Кешегі зобалаң заманда сұрқия саясатқа қарсы шығып, отты жырымен ел сөзін айтқан шайырлардың шиыры әлі де өшкен жоқ. Бұл сөзіміздің дәлелі - Арқа даласынан қолына қалам алып, жыр жазып, бүгінгі таңда айтары бар ақынға айналып үлгерген қаламгерлер.

Дәуренбек Бұланбаев - Ұлытау өңірінен түлеп ұшқан, төңірекке танылып үлгерген ақын. Сабырлы мінезімен елге сыйлы болған, «жалғыз жүріп-ақ жол табатын» Дәуренбек ақынның өлеңдері де тынып аққан өзендей тылсым, қатпарлы.

Жабырқаса жанымның жасыл бағы,
Бұлты аумаған тағдыр да, басымдағы.
...Айдан сырға тағынған жеңешемнің,
Ай қабағы неліктен ашылмады?

Бесігіне бөлесе шер құндағы,
Ашыла ма, аяулым, ердің бағы?
...Шалқасынан жатқанда шенді көкем,
Арқасына батқан ба, елдің қамы?

Дәуренбектің «Ай туыпты» деген өлеңіндегі осы бір оралымдардан-ақ оның ақындық шеберлігін анық бағамдауға болады. Иә, мынау толғауы тоқсан тірлікте біреулердің айы оңынан туса, енді біреулер ертеңіне деген үмітінің үкісін желге ұшырған...
Ұнжырғамыз түскен кез ұмытылар,
Үкілеген ел едік үміті бар.
Ай туғанда аспанды баққан елдің,
Күні ертең-ақ жарқырап күні туар!..

Бірақ ақын көкжиектен көрінер ертеңгі күннен әлі де үмітті. Иә, сол үміт кімді болса да алға сүйрері анық.

Шыр айналған дүниенің сырына кім бойлапты, пенде шіркін өмірден өтерінде «жалған дүние-ай» деп, бір күрсінері белгілі. Дәуренбек өзінің «Ұршық» деген өлеңінде:

Жаз да өтер.
Кетерміз-ау, күз өте біз,
Көңілді кейде неге мұз етеміз?
Дүние - ұршық екен зырылдаған,
Біз болсақ...
Иірілген жіп екеміз... – деп ой түйеді.

Иә, дүние ұршық тәрізді. Шыр айналған дүниенің сырын аңдау да оңай емес. Ол үшін қаламгерге тән қырағылықтың қажет екендігі белгілі. Жалқы сәттен-ақ жалғанның сырын түсініп, жырына арқау ету - ақындарға Алладан берілген сый. Ал, оны жұртың сүйсініп, жұмыла оқыса - ол қаламгер үшін зор бақыт.

Ендеше, осынау бағытты бетке алған Дәуренбек ақынның жыр-дәурені дәуірлей берсін демекпіз.

Ғалым Жайлыбай, *ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері.*

Бірінші бөлім
ТАҒДЫРЫМНЫҢ ТАМЫРЫ



ЖАЛҒЫЗ

Ай жалғыз.
Күн де жалғыз.
Мен де жалғыз,
Санама сағынышын теңдеп әр күз.
Жанымның жарасына таңатұғын,
Жалған-ай, табыла ма емге жалбыз?

Тамсанып күткенменен таңды не бір,
Қайтейін, қарайғаннан қалды көңіл.
Тасадан тас атасың маңдайыма,
Сен менен не сұрайсың, Жалғыз өмір?

Ат қойған жан-жағымнан андыздатып,
Суық ой сенімімді сан мұздатып.
Өзекті өртейтұғын өксігімді,
Қай күні басар екен Жалғыз бақыт?

Жатқанда жетесіздер Арды күреп,
Тал қармап, талпынумен талды білек.
Қаққылап қабырғамды, қабармағын,
Сен маған өкпелеме, Жалғыз жүрек.

Көңілі, құдайым-ау, қалды неден,
Жар басы.
Жалғыз жадау жанды көрем.
... Жалғанның жанарында мөлдіреген,
Жалғыздың жасын сүртші, Жалғыз өлең!

АЙ ТУЫПТЫ

Алтын емес, туған ел, ар тасыған,
Тауқыметі түсе ме арқасынан?
Келер күнін күдікпен кісендепті,
Ай туыпты, құдай-ау, шалқасынан.

Шалқасынан туғанда ай көктегі,
Кең жайлауын көңілдің жайлы етпеді.
Жараланып оралам сапарымнан,
Сауытымды шықсам да сайлап, тегі.

Жабырқаса жанымның жасыл бағы,
Бұлты аумаған тағдыр да, басымдағы.
...Айдан сырға тағынған жеңешемнің,
Ай қабағы неліктен ашылмады?

Бесігіне бөлесе шер құндағы,
Ашыла ма, аяулым, ердің бағы?
...Шалқасынан жатқанда шенді көкем,
Арқасына батқан ба, елдің қамы?

Ұнжырғамыз түскен кез ұмытылар,
Үкілеген ел едік үміті бар.
Ай туғанда аспанды баққан елдің,
Күні ертең-ақ жарқырап күні туар!..

ОБАЛЫН ОЙЛАП ӨЛЕҢНІҢ...

Судың сұрауы болса,
өлеңнің обалы бар.
(С. Мәуленов)

Өсиет қылып өртіңе өртенбегімді,
Жария қылдым, абыз-жыр, дерт емгенімді.
Айдынға шықтым аққулы, ағажан кешкен,
Жағадан ескен жел кернеп желкендерімді.

Тұрлаусыз таққа міндің де сұмдықтың дәмін
тамсана таттың.
Осымен кімді ұттың, жаным?
Шағалалардың шерменде көз жасы көмген
Толқыннан көрдім бір тамшы шындықтың қанын.

Тағдырдың талай тасына тосып маңдайын,
Жапырағынан ащы жас жосыған қайың.
...Қоғамын мойнақ қылатын қарабет сөзден,
Обалын ойлап өлеңнің шошынам дәйім...

ҰРШЫҚ

Сол кездің білер екен бағасын кім?
Жағасы жайлы еді ғой жарасымның.
Күндерім қайта айналып келер ме екен,
Бас қойған тізесіне анашымның.

Атқан соң ағараңдап дала таңы,
Бар ойы - шиеттейін бала қамы.
Ұршықты иіретін зырылдатып,
Анамның тарамысты алақаны.

Астында қалдың екен қанша қырдың?
Сол кезді солықтаумен сан сағындым.
...Ұршықты тоқтатуға құмар едім,
Тигізіп ұшын оған саусағымның.

Оқыстан ойын іздеп оқталам ба,
Сол кезден асқан бақыт жоқ маған да.
Қайыстай қара бала - мәз боламын,
Ұршығы анашымның тоқтағанда.

Ұсынып жүрген елміз Ұлыға төр,
Өткеннің артпайды екен құны бекер.
Ұршығы замананың зырылдайды,
Қолыңды тигізіп көр, жұлып өтер.

Жаз да өтер.
Кетерміз-ау, күз өте біз,
Көңілді кейде неге мұз етеміз?
Дүние - ұршық екен зырылдаған,
Біз болсақ...
Иірілген жіп екеміз...

***

Өзгеге, өмір, арналды да көктемің,
Қап түбінде қалды маған өкпегің.
Жә, жарайды!..
Көктен түскен құдірет,
Сезіндірсе болғаны да көк демін.

Даладайын көңілінде жоқ тарлық,
Елім қайда, есіл ерін жоқтарлық?
Ал, әзірге ... қой бастайтын серкені,
Тартсын қоғам көкпар ғып.

Шала күйген шырпысы боп тірліктің,
Қара киген тұлдыр-түннен жыр күттім.
Тұмшаладым тереңдегі бір күйді,
...Мұң шалабын қылғыттым.

Жез тырнағын қанға малып ақ таңда,
Жердің бетін жәдігөй бұлт жапқанда.
Қорқау-қоғам, қоң етімді қорек қыл,
Тілерсегім – қақпанда!..

Содан кейін... кебінімді сілкіле,
Ібілістер қарық болсын күлкіге.
-Мұның не? – деп періштелер сұраса,
-Ғаламдану ғұрпы, - де...

Елеусіздеу аңғарда,
Сел боп ағып, сезімі жоқ жандарға,
Шашын жайып, қабірімнің басында
Пері қызы жылап тұрса – таң қалма.

Саңылаудан түскен жетім жарығың,
Сездіреді сұрқай тірлік қарымын.
...Көктен қашан көрінеді құдірет,
Күтудемін әлі күн...

***

Жанарыңның жарқылын,
Анық сездім, алтыным.
Көзімдегі көктемім,
Жанымдағы жалқы мұң.

Өзің, білем, киелім,
Қиналғанда сүйедің.
Ағытасың әрдайым,
Тектіліктің тиегін.

Қанықпыз көп жайға осы -
Тіршіліктің айласы.
... Көзіңдегі тамшы нұр,
Көңілімнің айнасы.

Бойда барда күш-ағын,
Алыс кетсін құса-мұң.
Сен арқылы мына өмір,
Ашқан маған құшағын.

Гүлі болып сананың,
Шаттығымды қаладың.
Бала мінез ақынның,
Бағы болған қарағым!..

ҚАРА ШАЛ. ҚАРАГЕР

Айналып оны өтетін нала-сағым,
Көрмеген күйін кешіп аласаның.
Жармасқан жалғандықтың жағасына,
Қара шал, намысы еді қарашаның.

Шаттығы келмеді асып құм шағылдан,
Тағдырға содан басы мың соғылған.
Жай түсіп, жалғыз ұлы қаза болып,
Кемпірі ол да кетті ұл соңынан.

Әзір ме жауабыңыз, сұрақты үнге,
Жеткізген тіршілікте мұрат кімге?
Жалғыздық жүрегіне салмақ салып,
Қара шал күйреп түсті бір-ақ күнде.

Артады арда тусаң бағасы ардың,
Тектілік деген – осы.
Таласар кім?
Қарагер, қараша үйді күзетіп жүр,
Серігі, қалқан болған қара шалдың.

Сөз қылсын өзін үлкен-кіші.
Мейлі,
Көргені болса дейді түс үрейлі.
Қара шал қараша үйде ыңыранса,
Қарагер жерді тарпып, кісінейді.

Қарайтын қабағына, тұлғасына,
Айналған адам еді-ау сырласына.
Қара шал өтті өмірден.
Бір топ адам
Сүйегін жерлеп қайтты қыр басына.

Қасірет қайыстырып қабырғасын,
Қарагер көп күзетті қабір басын.
Иесін ай-апталап ұзақ күтті,
Сезсе де серігі енді табылмасын.

Сырт берер неге тағдыр дараларға,
Құдайым!
Бұдан асқан нала бар ма? -
Қайғыдан Қарагер де өлді ақыры,
Жанарын шоқып отыр қара қарға...

КҮРСІНЕДІ КҮРЕҢ ТҮСТІ КӨЛЕҢКЕМ...

Таңдайымда – тағдырымның кермегі,
Маңдайымда – мұңды күннің өрнегі.
Тепеңдейді тауқыметтің құласы,
Маған жетпес аста-төктің құлашы.
...Жаратқаным, тобықтай сөз расы –
Көп пе еді, әлде, бұл пендеңнің күнәсі?..

Емін іздеп есімді алған жараның,
Иығыма жүгін арттым наланың.
Қаламына қанат біткен қарағым,
Неге үрке қарадың?

Жаңғырық.
Жаңғырықтан жаным қалған мәңгіріп.
Сырлы сезім, танытатын сан қылық,
Қайда кеттің қаңғырып?

Тоңмойындар таптап кеуде-көшемді,
Ақ сезімнің ақбөкені неше өлді?
Қаламымнан ұлып сосын көк бөрі,
Түннен алам, күнге кеткен есемді.

Көңілімнің құлақ күйі – мың бұрау,
Қобыз кеудем күй тартады мұңдылау.
Тапаншаңды кезеп тұрсың, тағдырым,
Не тілейсің, құрғыр-ау?..

Ұясына жаймен батып, сырғып күн,
Түнек келсе, қуанады «кіл мықтың».
...Кесір әлем қалай ғана сыйып тұр,
Жатырына, жарты күндік тірліктің?

Жұматайға* серік болсын.
Мен ертең
Ғарыш жаққа жүрегімді жөнелтем.
...Тірлігімнен түйір тәтті таба алмай,
Күрсінеді, күрең түсті көлеңкем...

*Жұматай – ақын Жұматай Жақыпбаев

***

Бізді ұға ма, жаһандық жаңа дәуір,
Сен жайлы айтсам, күрсінер дала да ауыр.
Көктем сайын келесің көктен түсіп,
Қарабауыр қасқалдақ, қарабауыр.

Өрттей қаулап жалғанның мұңы-зары,
Бір өкініш кеудемде құмығады.
Есенғали кеткен соң Есенинге,
Құстың тілін, қасқалдақ, кім ұғады?

Мен де өзіңдей тайғанақ кешем өмір,
Маңдайыңа жазылған пешене бұл.
Ұяң жоқ па?
Қайтейін, сен түгілі
Үйлері жоқ көп қазақ көшеде жүр.

Болғанменен бұл тірлік қиын, өткір,
Тағдырыңның тар жолын қиып өт бір.
Талғажауға табылса түйір дәнің,
Жаратқанның бұл да бір сыйы деп біл.

Адам түгіл шегеді тастар да мұң,
Көрсетердей халде емес бас бармағым.
... Күрсінбеші, үйге кір, ұям деп кір,
Тереземді ашайын, қасқалдағым!..

ҚАРА ӨЛЕҢІМ – ҚҰЛДЫҒЫМ

Пайдасына жарамаған пұлдының,
Қара өлеңім, айналайын құлдығым!
Музам менің оңаша отыр мұңайып,
Ал, мен болсам күйін кештім жындының.

Жырмен жамар жүрегінің жыртығын,
Ұл едім ғой, сөзін сөйлер ұлтының.
Қойынымда қылымсыған сайқалдай,
Мойыныма қамыт болды-ау құлқының!

Құдіретке толып тұрған құшағы,
Өмір қашан бауырына қысады?
Құбыладан күтіп жүрген шұғыла,
Мен-дағы бір баянсыздың мысалы.

Жебір күннің желмаясын ағытқан,
Сайқал-тірлік сығалайды жабықтан.
...Періштелер дауыс қылды түсімде,
Салып алып бір ақынды табытқа...

***

Құсайын деймін,
Құса алмай жүрмін,
Өксікпен бітеу өңешім.
Іштегі шемен, құсадай жырдың,
Шайқалттым ба, әлде, кемесін?..

Түңіліп...
Сосын түндерге талай,
Шерімді төккем, шерімді.
Күйік болдым ба, кімдерге, қалай,
Жерінді менен, жерінді.

Көз ілсем түнде құралай көрем,
Жанары толған жас, білем.
Сағынышымды сұрамай менен,
Қырын тұр мендік...
Басқа әлем.

Құралай-өлең,
Құламай келем,
Дертіме ем – сенің салқының.
Сағынышымды сұрамай менен,
Астына алма талқының.

Қара өлең отын жандырғандарға,
Қарадай жүрем асыға.
...Қаңғалақтаған қаңғырған қарға,
Қонғанын қара қасыма...

ЖОЛ

Түскен соң талай тасқынға,
Өмірдің мәнін ұққан-ды ол.
...Қай қырдың қалдың астында,
Ауылдан алып шыққан жол?

Тағдыр-ай!
Жүрсем торыға,
Сәттерім деп ұқ тосылған.
Соқпақтан түскем соныға,
Өзіңе келіп қосылған.

Ауылдан шыққан қара жол,
Апарар мені қай жаққа?
Аспанға өрлеп барады ол,
Сол жақтан мекен сайлап па?

Өзенге соғып өткелсіз,
(Тәңір-ай, әзір тоқпағың).
Көк белге соғып көктемсіз,
Келеді әлі соқпағым.

Сүрініп барып тіктелер,
Сәттерім менің, қарманып.
Жолыма жуа бітсе егер,
Несібе дедім, алданып.

Адаспа – дейді, - абайла,
Артымнан жеткен ақылым.
«Алдың - жөн» деген Абайға,
Қарайлап қоям ақырын...

ТҰЛПАРДЫҢ ТОРЫҒУЫ

Тәңірден тілеп алғам азығымды,
Өлтірсең айтып өлтір жазығымды.
Басымда болмаса да ноқта-жүген,
Неге айнала беремін қазығымды?

Ауылға аян болған жалтаңдығым,
Ашиды кіл жауырдан арқам бүгін.
Қойшының қой торысы болған күні,
Мәңгіге тастап кетті тарпаңдығым.

Мен көрген бұлақ та аман, шоқы да аман,
Жетеді осы араның оты маған.
Дегенмен... тұлпар еді - десе біреу,
Құлағым елеңдейді...
Оқыранам.

Қайтесің, жария ғып мұны көпке,
Қасымнан өте шықшы, күбір ет те.
... Басымда ноқта да жоқ, жүген де жоқ,
Қазыққа байлап қойған құдірет не?..

БАТИСКАФ

«Титаникті» «тамашалауға» шыққан «Титан» батискафы судың қысымына шыдай алмай, жарылып кеткен. Соның салдарынан бірнеше адам мұхит түбінде көз жұмды.

(ғаламторлық ақпарат)

Сыяр ма екен өлеңге,
Сыяр ма екен көлемге?
Мына ғалам - батискаф,
Тартатұғын тереңге.

Таңым атып, күн шығып,
Іс бастадық құлшынып.
... Батискафтың ішінде,
Қайнап жатыр тіршілік.

Тәттісіне тамсанып,
Қол жетпесті аңсадық.
Батискафым қысымға,
Шыдайды екен қаншалық?

Шаттық келсін түн қатып,
Күнді көру - шын бақыт.
Келеді әлі батискаф,
Тұңғиыққа шым батып.

...Ұқтың нені, аңғардың,
Өз тағдырын таңдар кім?
Біле алдым ба бағасын,
Мені ұнатқан жандардың?

Жүрек қайтіп төзбеді,
Мөлдір мұң-ай көздегі!
Мен кешіре алдым ба,
Өзім түгіл... өзгені?

Мәселе ме, бас қамы,
Ашық көңіл аспаны.
Кешіре ме, мені де,
Өкпелетсем басқаны?

Секілдіміз біз бала,
Замана тұр сыздана.
Қысым көрген - батискаф,
...Қысылмайтын біз ғана.

Ашуымды тұсайын,
Барлығыңды құшайын.
Тағдырласым, келіңдер,
Құшағыма қысайын!..

ҚАРАША. ҚАРАҒАНДЫ

Бойындай бетегенің еңіс біткен,
Көңілім не күтеді кеңістіктен?
Қараша.
Қарағанды.
Жылауық күз,
Жаныма не бересің, жеңіс күткен?

Тізілген тырналар-ай, тыраулаған,
(Менімен қоса егіліп тұр-ау далам).
Сап-сары жапырақтар сездіріп тұр,
Тұрарын сағыныштан мынау ғалам.

Мекені - қоңыр күйдің, қоңыр үннің,
Өзегі осы айда ма, өмірімнің?
Азаннан жас саулаған жанарынан,
Аспанның аулайды екен көңілін кім?

Көретін көңілсіздеу күнде мені,
Бозторғай тағы айтады бірдеңені.
Көшеде су шашады көліктері,
Көңілдің аз болғандай кірлегені.

Арынын ағып өтіп, баса алмаған,
Әлі күн арғымақтай асау ма, арман?
Қараша.
Қарағанды.
Жылауық күз,
Жанымның жанарындай жасаураған...

ГҮЛ АЛЫП БАР

Өкінішпен өксігенде өткенім,
Мен де іздеймін өркенімнің өткелін.
Кешегінің жұртта ұлиды күшігі,
Тілмен жалап тарихымның беттерін.

Ал, бүгінім...
Бір пәтерде - біргеміз,
Бірге жылап, кейде бірге күлгеміз.
Болмаса да үлде менен бүлдеміз,
Бүтін біздің іргеміз.

Пейіліммен асқар таудай алыппыз,
Солай, досым.
Қанағатшыл халықпыз.
Малта сорып, мал соңында жүрсек те,
Адалдықтың уызына жарыппыз.

Ал, ертеңім...
Онда мақсат, мұрат бар,
Армандарым шеттерінен кіл атпал.
... Сыналарын қақса-дағы сынақтар,
Досым менің, болашаққа гүл ап бар!

Гүл алып бар!
Қуансыншы ертеңім,
Желпі, самал, жаңарған ел желкенін.
Өркениет, өрекпіме, сабыр ет,
Қазақ деген емес еді ел тегін...

Алау жағып аңғарда,
Арзу-арман айтып өткен таңдарға,

Қасқыр емген бабалардың ұрпағы,
Қасқыр мінез танытса егер - таң қалма!

Жанарымды жауласа да кіл сағым,
Маңайымды басқанменен мұнша мұң,
Ақ таңдағы менің аппақ үмітім,
Келешектің тепкілейді құрсағын.

Тыңдашы, дос, бір үн келді құлаққа,
Шақырады тау басына - жыраққа.
... Келешекке қадам басқан қазақты,
Қолда, құдай, құлатпа!..

СОНДА КІТАП СӨЙЛЕДІ...

(монолог-триптих)

I

Оныңыз рас, сарғайғам,
Бірақ мынау уақытқа бар ма айлаң?
Естимісің?
Шығады анық дауысым,
Сонаааау ғасыр - шалғайдан.

Оныңыз рас, ескіргем,
Бірақ менің шірімейді еш мүрдем.
Менің бәсім биік тұрар бәрібір,
Тұрлауы жоқ бес күннен.

Оныңыз рас, көнемін,
Өткен күннің кімнен алам төлемін?
Руханият жарқыраса - жасарам,
Руханият өлген күні өлемін!..

II

Өкпелесе өткенім,
Қайтіп күлер көктемім?
Ағыл-тегіл жылайды,
Ақжемденген беттерім.

Түсін мені, қарағым,
Өн-бойымда - ар-ағын.
Бойла дейді парқыма,
Парасатты парағым.

Тура жолдан танбағам,
Ағайын ғой ар маған.
Суға салса - батпағам,
Отқа салса - жанбағам.

Мейлі, қанша жастамын,
Астарымда - асқақ үн.
Қадірімді білгенің -
Мұқабамды ашқаның!

III

Кітапхана сөресі -
Өркениет өресі.
Болашақтың бедері,
Ескі күннің елесі.

Білім сүйсең - бақ маған,
Жақсы ісіңді жақтағам.
Тілекшімін бәріңе,
Ақылымды сатпағам.

Дәйек пенен дерегің,
Осында, дос, керегің.
Тылсым сыры өмірдің -
Тынып аққан тереңім.

Санамаңыз мені кем,
Саналыға серік ем.
... Келесің бе, Келешек,
Сырласуға менімен?...

ТОЛҚЫНЫНАН ӨТКЕННІҢ СЫР АҢДАҒАН, ТОЛҚЫҒАН...

Кенет сарнай жөнелді,
Бас сүйектер қозғалып...
(Несіпбек Айтұлы)

Өкінішін өкпек жел, қасіретін құм жұтқыр,
Жанарында ғасырдың жарқыл емес - сұмдық тұр.
Жердің беті - көп құдай, жердің асты - бас сүйек,
Бас сүйекке тіл бітсе...
Бас білмейді шындық кіл.

Құм толғанмен көзіне, мұң толғанмен көзіне,
Домаланған қу бастың құлағың сал сөзіне.
Сен өмірді басқаша көретұғын боласың,
Жар басында жалғыз қап, жау табарсың өзіңе.

Тақ мінгендер - тақсырлар, тірі шындық - тек осы,
Жалғандықтан жалауы - ібілістің жеке ісі.
Бас болатын баланы басқа ұрады бір дәйіс,
Басы жоқтар басқарған «драманың» көкесі!

Жұқарғаны жүйкенің - мұқалғаны мұраттың,
Шегі бар ма, ей, дүние, мына сұмдық сынақтың?
Талабыңды тасқа ұрса, балағыңнан бит көрмей,
Талайыңды қарға да, арайыңды жұбатқын.

... «Тәтті іздеген таңдайым» тұзға бөксе қайтемін,
Түсіме енді бас сүйек...
Болмас, сірә, әй, тегін...
Қаңыраған әлемде қайда қоям қаңқамды,
Білсең егер, айт емін!

Қара құрым қос көрдім Қараөткелдің бойынан,
Жалғыз қонған...
Шаршады-ау, томырықтың тойынан.
Толқынынан өткеннің сыр аңдаған, толқыған,
Бүгінгінің биігі, бұрынғының сойынан.

Күн батарда қызарып, аққанда Есіл есіле,
Бостан едің, бозторғай, жабығасың несіне?
Қайшылап ап құлағын, кісінейді бір тұлпар,
Дүниенің көшіне.

Өмір деген өзеннен өткел таппай жасыған,
Қара қоста кім бар-ау?
Орын берер қасынан.
... Жалғандығын жалғанның басқаннан соң бетіне,
Ол өмірді бастайды
Басынан...

ТЕКТІЛІК ТАМЫРЫНДАЙ ТЕРЕҢДЕГІ...

(кеншілерге)

Алатын туған ел деп ерік-демін,
Досым-ай, мұндай ерді көріп пе едің?
Тереңнен толғай тартып несібені,
Соңына ерен байлық еріткенін.

Жанына санамаған елді бөтен,
Бейнетке буған әр кез белді бекем.
...Төстікке жер астында жолдас болған,
Таусоғар бабасы оның болды ма екен?

Ертек деп көрпе астында ұйлығыппын,
Аңыздың астарынан сыйды күттім.
Кім білген?
Бүгінгінің ақиқаты -
Бастауы осы ерлерім - игіліктің.

Аққанда арманының тынып ары,
Бір мұң бар кеудесінде, құмығады.
Ерлерім еңбекпенен шынығады,
...Сырларын тереңдегі кім ұғады?

Шыққанда ол жеті қат жер шалғайынан,
Сүйінші сұрайды аспан тал-қайыңнан.
Тотыққан жүздерінен күн сүйеді,
Самал жел сипап өтіп маңдайынан.

Тасыған ырыс неткен көлемді еді,
Еңбектің қандай жақсы еленгені!
Кеншілер - батырлары бүгінгінің,
Тектілік тамырындай тереңдегі...

Екінші бөлім
ТҰМАРЫМ БОЛҒАН ТУҒАН ЕЛ



ӨЗЕНІН ҚАРАТАЛДЫҢ КЕШІП ӨТКЕН...

Ел аузындағы бір әңгімеде Ескелді қасына жолсерік етіп Балпықты, Қабылиса мен Қоғыл көріпкелді ертіп, жер шолуға шығыпты делінеді. Түс мезетінде Қараталға жетіп, жан-жағын ағаштар мен көк шалғын көмкерген өзеннің суына жуынып-шайынып, жан рахатына бөленіпті. Сонда Жетісудың осы бір жерұйығына тамсанған Ескелді би: «Па, шіркін, жер деп осыны айтсаңшы! Шеңгелі үйдей, қояны қойдай, балығы тайдай тулап жатыр. Жағасы жайдақ өзеннің жетім менен жесірлерге беретін нәсібі де мол ғой, – депті де атына мініп, берекелі өзенді әрлі-берлі кешіп өткен көрінеді...

Тағдырдың болғанымен кесімі өктем,
Тарлан-ай!
Туған ел деп шешім еткен.
Асанның* ақ таяғын қолына алып,
Өзенін Қараталдың кешіп өткен.

Ескем-ай, жұртым-ау деп жүгіретін,
Құдайдың қарасаңшы құдіретін!
Қаратал - қара қазан - қара қазақ -
Қабырғам астындағы жұмыр етім...

Өмірдің өңі қайтып жылымай ма?
Көңілдің көк бөрісі ұлып айға.
Балпық пен Қабылиса көрінбейді,
Қоғылдың қобызының үні қайда?..

Алаштың ары сынды айман еді,
Ескелді баһадүрдің қайран елі.

Арман-ай!
Алып ұштың қайда мені,
Жалған-ай!
Жағаң неткен жайдақ еді?..

Келбеті-ай, Жетісудың, Қараталдың,
Қапталын қаптап алған қара шалғын.
... Баласы болғанымен қара шалдың,
Қалайша жұртты аузыма қаратармын?

Үмітті үкілеумен кешкен күнім,
Соңымда сұлбасы жоқ еш белгінің.
... Өмірдің өзеніне тірелдім бе,
Өткелі қай тұста екен Ескелдінің?..

Асан - Асан Қайғы*

ҚАЙРАН АБАЙ

Кір басса көңіліңді - қайдағы арай,
Біз осы іс қылдық па майдаламай?
Құнанбай бола алмаған кіл жаманнан,
Құдай-ау!
Қайдан тусын қайран Абай!

Кеудемді бір өкініш үңгиді нық,
Мәз болып масайрадық, күндей күліп.
Абайдың атын қойдық баламызға,
Абайдың затын әлі білмей тұрып.

Көзеге көңіл жасын құй, жасыма,
Тағдырдың кім жабысар бұйдасына?
Шіркін-ай!
Жауым болса Оразбайдай,
Мәрттігін үлгі етер ем кей досыма...

Болғанмен ақиқат пен ар ойында,
Ақылың керек пе еді ағайынға?
Бөріктің ішінде ғой, бас жарылса,
«Мұқырдың сайлауына» барайын ба?

Жылжып жыл, баяу басып ғасыр өтсін,
Бетіне шілтер жауып қасіреттің.
... Абайды қазағыма берген құдай,
Абайдың ақылын да нәсіп еткін!..

АҚҚЫЗДЫҢ МОНОЛОГЫ

Әжем домбыраны қолына алып, сипалап, тиегін түзеген болып ұзақ отырды, мен түсініп отырмын, тартайын десе тәтемнен (Нәсжаннан) именетін сияқты. Өйткені, тәтем (Нәсжан) бірде әжеме:
-Күйіңмен зарлап бауырларыңды, туған балаңды жұттың, - деп қалғанын естігем. Мен тәтем жаққа қарап едім, ол кісі самауырынды сыртқа шығарған болып кетіп барады екен. Онысы: «Домбырасын тартсын дегені ме?»,- деп ойладым, әжем де баласының мұнысын айтпай түсінді білем, домбырасын шерте бастап еді, құйқа шымырлатар солқылдақ ішектің зарлы үні қалықтай жөнелді, сол домбыраның үні әлі құлағымнан кетер емес...

(Болат Тәкішев, күйші,
Аққыз күйшінің жиені)

Жалған-ай, жиегі - жыр, тиегі - нұр,
Жұқпасын ақ жүзіме күйе-ғұмыр.
... Көңілдің кенезесі кепкен кезде,
Өмірдің мәні болған күй еді бұл.

Жалтақтап көрінгенге қалған күнім...
Жастықтың жасыл белі арман бүгін.
Домбырам егілгенде, ей, Дүние,
Жүзіңе ойнап шықты жалғандығың!

Алыстан естілгенде арбаған үн,
Жанымның ақ жібегін арға малдым.
Қу шанақ!
Тайғанақтау тағдырым-ай,
Замана зар құстырса - бар ма амалым?

Тәңірдің пендесіне айырбасы -
Күй-ғұмыр!
Қанатымнан қайырмашы.
Дүние - қос ішегі домбыраның,
Пәни мен бақилықтың айырмасы.

Сағыныш сипай ессе сағым белден,
(«Жетім қыз», осы ма еді «бағың» көрген?).
Бозінген, ботасы өліп боздағанда,
Құлаққа әлдеқайдан сарын келген.

Тіршілік, осы ма едің, сыйықты алған,
Өмірдің ошағына күйіп қалғам...
Күй деген - күйініштің шырылы ғой,
Қан болып тамырыма... ұйып қалған.

Жанымның жасы ағылып, жерге сіңе,
Жолығып тағы тұрмын келмесіме.
Табыстым тағдырыммен
домбыраның
Саусағым тиіп кетіп пернесіне...

Тіршілік тамылжиды...
Тынады ақыр,
Күй құштым, құласам да жыраға кіл.
... Түс көрдім.
Айдалада, ай астында,
Мұңлы қыз ағыл-тегіл жылап отыр...

ТАУСЫЛДЫ НАҚАҚ КӨЗДІҢ ЖАСЫ БҮГІН...

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп...
(С.Торайғыров)

Маңызын жоймады, аға, кешегі өлең,
Қайтеміз, көреміз де пешенеден.
Жолынан жаңылмайтын жәдігөйдің,
Қолынан жиегі алтын кесе көрем.

Есі бар көкеміздің есебі не?
Қараймыз бүгін үркіп «кеселіге».
Ертеңге есік жақтан еміредім,
Тәубе деп, аман жетсем төсегіме.

Күн қайда, көңілдерден мұң саумаған,
Отыз жыл аспанымнан «нұр саулаған».
Жаңарған Қазақстан - түрім осы,
Қолымда тостағаным... құрсаулаған.

Сырымыз болғанымен досқа мәлім,
Көрмедім тірі жанның қоштағанын.
...Таусылды нақақ көздің жасы бүгін,
Түбіне қан ұйыпты тостағанның...

ҚАЗАҚТЫ КӨРІП, ҚАЙҒЫ АЛАМ...

(Бұқарша буырқану)

Құлағыңды сал, Бұқарым!
Жеттім бе деп ем - жұтадым:
Егемен елің қай күні,
Өзгеден асып айбыны,
Жайқалтып бақтың бұтағын,
Көреді бақыт тұтамын?

Айтамын қалай тобаны,
Абылайға айтқан ақылың,
Маңызын жойған жоқ әлі.

Отыз жыл сөзге семірген,
Бос уәдені кемірген,
Елімнің кімге обалы?

Төбеден құдай ұрған соң -
Хандарым ұрлық қылған соң,
Паңдарым қайдан оңады?

Мақтаумен майлап мұртымды,
Ашық та шашық жұртымды,
Билейді әлі қонағы.

Күлге айналып орманым,
Ай-күн аманда сорладым,
Бұзылды төзім тоғаны.

Саңғыды құзғын басыма,
Айналды-ау, көздің жасына,
Қом сулар, көлдер қоғалы.

Сарп етіп соған бар күшін,
Жәдігөйлерім қалта үшін
Бастайды тағы жобаны.

Ертеңі үшін ендігі,
Шыр айналады шендіні,
Шел басқан көзін қоғамы.

Тәубешіл мына пендеңе,
Оңынан емес, жел неге
Терістіктен соғады?

Жүргеніменен мықтысып,
Бүгінім менің бүк түсіп,
Келешегім тоңады.

Кеудесінде аяныш,
Тауымды қылып таяныш,
Кең далам ойға шомады.

Уа, бабам, Бұқарым!
Түсіме енсең таң алды,
Байқадың, білем, шамамды.
Салды деп айтпа байбалам -
Қол бастар қалмай баһадүр,
Қолпашқа толы айналам.

Қазандағы сорпамен
Сорым да бірге қайнаған.
Бір жағымда айдаһар,
Бір жағымда аю бар,
Айбалтам да жоқ сайлаған.

Жері - бай, өзі - қайыршы,
Қазақты көріп, қайғы алам.
Жә!
Жетер енді ұлуым,
Бөрі ем, тірсегін шайнаған!

Жүрегім менің бұлқынды.
Ішімде қалмай іркінді,
Жаныма мұңлы жыр тұнды.
Қолдай жүр мәңгі рухыңмен,
Үш тілді бүгін болғанмен,
Бір тағдыр кешкен жұртыңды!..

***

Ер едің, Алашымның ары атанған,
Не көрдің, «тағдыр» дейтін алақаннан?
... Қарт аңшы қолындағы қыранының
Қоясын түсіруде ала таңнан.

Тектілік - қанат қомдап, талпынғаны,
Қыранның қашаннан-ақ аң - құрбаны.
Қоясы түскеннен соң көзі жанып,
Құдай-ау, шыңға қарап шаңқылдады!

... Қызық та қалмағандай тойда маған,
Туған ел, өзің едің бойдағы алаң.
...Қоясын тастаған соң түлейтұғын,
Қыранға қараймын да...
Ойға қалам.

Ізгілік ынсабыма ілініп құр,
(Жанымның жегі құрттай сырын ұқ кіл).
Ішіне дерт жинаған дүниенің,
Мазасы кетіп әбден...
Бүлініп тұр.

Жұртымның басындағы жайды аңғара,
Шығатын мұнан қандай айлаң бар, ә?
Қоясын замананың құстыратын,
Бір аңшы табылады қайдан ғана?..

НАЙЗАҒАЙ БОЛЫП БІР КҮН ОЯТ, БАБА...

(Бейбарыс сұлтанның рухына арнадым)

Жылжыған жылдарым-ай, қарғын аға,
Заманды зәлім біреу зар қыла ма?
Ғасыры өркендінің дегенімен,
Тағдырдың түсі неге тарғыл, аға?

Біледі, қадірлейді сені құрлық,
Біз болсақ тойдан басқа нені білдік?
«Ел жаңа - елу жылда» дедік-тағы,
Амал не?
Аттың басын кері бұрдық.

Тұлпарды, жауға мінер, сойдыртты ағам,
(Жылауды, мықты болсаң, қойдырт маған).
Намыстан нан бағасы маңыздырақ,
Жар басы.
Жадау тірлік.
Қой құрттаған.

Тазшаның қойған адам атын алып,
Патшамыз болған біздің «батыр» анық -
Ертегі тыңдағанбыз отыз жылдай,
Төсекте түске дейін жатып алып...

Кіршіксіз қылғанымен жағамызды,
Алдымнан не күтеді, аға, бізді?
У берген өзіңізге уәзірлер,
Улайды бүгін біздің санамызды.

Ұлағат қашқаннан соң ұлығымнан,
Арылам, қайтіп мына қылығымнан?

Кешіп кеп кім ішпеді тұнығымнан,
Өкшеміз жылтырайды шұлығымнан.

Мұңымды тізе берсем - мың шөмеле,
Қайғымнан ай тұтылып, күн сөне ме?
Тілімнің түрін көрсең... тілім-тілім,
Дінімді шұбарлайды дүмше неме.

Мықты деп масайратпа.
Қой, ақтама,
Мақтаудан қалдық, білем, тоят таба.
...Қалғудан қалжыраған қазағыңды,
Найзағай болып бір күн оят, баба!..

ИМАННЫҢ ШӨЛДЕДІ ЕЛІҢ БҰЛАҒЫНА...

Бұл өлең Ахмет Иассауи бабамыздың
асыл бейнесіне ескерткіш болсын.
(Автор)

Өпкен соң маңдайымнан ғұмыр-ана,
Басымды мен де бұрдым құбылаға.
Армысың, иманымның Иманағы,
Ақ жүзі толып тұрған шұғылаға.

Айтатын жан емеспін ажалға мұң,
Жабықсам, жырым жазып тазарғамын.
Кең дала - алдымдағы жайнамазым,
Тауларым - таң алдында азандарым.

Жайылған қасиеттің құрағына,
Тектілік оқ тиген соң құлады ма?
Иванның тіліндегі мына жұртың,
Иманның шөлдеді анық бұлағына.

Дұшпан мен білмеген соң дос арасын,
Дінім мен ділім қалай босамасын?
Саясат шариғаттың тонын киіп,
Мешіттің аттағаны-ай босағасын!

Болғанмен қайран елің, халқың ізгі,
Өзгеге жығып бердік парқымызды.
Дәстүрді айналдырып дүбәраға,
Өгейге санап жүрміз салтымызды.

Мұңына бұрынғының мұрагермін,
Құлагер арманым-ай, құлап өлдің!
Үйінен Жаратқанның шыққан жұртың,
Бас шұлғыр айтқанына блогердің.

Ғалымның болғанымен хаты құнды,
Қайтеміз, кері тартқан пақырыңды?
... Құтпанмен құт боп кел де қазағыңа,
Азанда айтшы, баба, ақылыңды!..



МЕДЕТБЕКТІҢ МОНОЛОГЫ

Ташкент түбінде Қоқандықтармен болған алапат шайқастың бірінде Медетбек батыр жараланып, дұшпанның қолына түсіп қалады. Тұтқындағы батырға Қоқанның әскербасы келіп, оны өздерінің тобына қосылуға азғырса да, Медетбек батыр бас тартыпты.

Бойымнан таба алмассың қылық бөтен,
Туған жер - маған мәңгі ұлық мекен.
Қолыма түсті екен деп қуанбаңдар,
Қолыңды кездік құсап тіліп кетем.

Кей кезде кезіп мен де ымырт бағын,
Көңілдің көзесінен мұң ұрттадым.
...Дініміз бір еді деп жақауратпа,
Діліміз бөлек болар, ұмытпағын!

Адалдық - бір Алладан тосқан бағым,
Қашаннан қайсарлықты қоштар жаным.
Бәтір-ау!
Айта қойшы, қайдан көрдің,
Қыранның жыланменен дос болғанын?

Қосыла шапқан жоқпын үрегешке,
Ел үшін мен дайынмын мың егеске.
Қазақтың даласында Қоқан жүрсе,
Қазақтың баласына сын емес пе?!

Егессем алған ермін алынбасты,
Қашаннан кесірлікке жаным қас-ты.
Ешкімге лайлатпаймын тұнығымды,
Қаракөз құштырмаймын қарындасты.

Жау көрсем жай таптырмай, жасқаған ем,
Туған жер - менің үшін асқақ әлем.
Көрінде өкіртемін сендейлерді,
Төрімді таптатпаймын басқаға мен!

Әрбірі Алашымның бір бағындай,
Ұлтымның ұлық болсын ұлдары ұдай.
... Даламда төмпешік боп қалсам-дағы,
Дұшпанның алдында жер қылма, құдай!..

ЖАТПАЙДЫ ҚАП ТҮБІНДЕ АЛМАС-ТЕМІР...

Темірбек Жүргенов 1938 жылдың 25 ақпанында Алматыда атылады. Бұрындайдың маңында Қанкелді деп аталатын жер бар. Көз көргендердің айтуынша, 1938 жылғы ақпанда түн ішінде жиырма қап әкелінген. Бұл қаптарда Алматы НКВД-сының қабырғасында атылғандардың денелері болатын. Солардың ішінде Темірбек Жүргеновтің де денесі болуы әбден мүмкін...

(ғаламтордағы ақпарат)

Тіреп ап топыраққа түн иегін,
Таппады-ау ойланғанмен мұның емін.
Тектінің неге осылай құны - кебін?
Қойыны Бұрындайдың боздап жылап,
Ойыны осылғаны-ай дүниенің!

Тектінің тезге түссе бақ-талайы,
Алаштың ah ұрумен ақ самайы.
Жанымның жерді құшып жатты арайы.
Қасірет қабырғасын қақыратып,
Қангелді қанға бөккен...
Ақпан айы.

Қиялым қансыраса қиырдағы,
Шаршай ма, шыдамымның шиырлары?
Бейдауа ғұмыр болып бұйырғаны.
Арысы Алашымның қапқа түссе -
Үміттің қыршынынан қиылғаны.

Асылды масыл қайтіп ұлықтамақ,
Жауыздық жасынымды құрықтап ап,
Тағдыр тұр, босағадан күліп қарап.

Ай шошып, көзін жұмып қап-қара түн,
Сұмдықтан тілін жұтып, тыныпты алап.

Жалғанның тауы - бұлтты, сайы - мұнар,
Жан бар ма, өткенімнен жай ұға алар?
Асылдың елін сүйген «айыбы» бар.
...Темірдің заман салған таты болса,
Өмірдің өзі-ақ оны шайып алар!

Ажалмен ойнаған ер, арбасқан ұл,
Тектіні толғауменен талмас көңіл.
Жанары жасқа толып, жалғасты өмір.
Қатпайды қайнап аққан қайнарларым,
Жатпайды қап түбінде алмас-темір...

БАТА КҮТЕМ

Шын батагөйлер батаны бірден бермейді. Тылсым күштер арқылы алдын ала дайындалады. Әлмерек бата берерде Жаратқанға жалынып, ғибадатын күндіз-түні жалғастыратын еді. Бата алуға келгендерге «бүгін емес, ертең немесе бір айдан кейін кел, араға жыл салып таң ата келерсің» деп ескертіп отырған. Әлмеректің өз ұстанымы бойынша Өтеген мен Бақай батырларға берген батасы зая кетпеді. Екеуі де атақты болды.

(БАҚ материалдарынан)

Өмірден өксіген соң өгей жүрек,
Бір сауал санамды әр кез егейді кеп.
Қолына су құям да көкелердің,
Телмірем ауызына, не дейді деп.

Баталы болған жаннан нала көшпек,
Батамен ер көгеріп, бала да өспек.
... Жүзі - шал, сөз сәби қарияның,
Білетін баталары - «Маладес» тек.

Намысын жүретұғын кекке малып,
Жоқтасам ерлерімді, сөкпе, халық.
Бойынан тектілігі қашқан ердің,
Ойынан бата безіп кеткені анық.

Тылсымы тереңіне жетелеген,
Сол күннен аңыз аңқып, жетеді өлең.
Ауызы дуалы деп жүргенімнің,
Ақылы биік емес бетегеден.

Күтемін сенен қандай кеңес, көкем,
Келешек, сені қалай елестетем?

Заманды бұзылды деп жүргеніміз,
Адамның пейілінен емес пе екен?

Өмірге адам болып келгесін-ақ,
Айнымау адалдықтан - ерге сынақ.
Той болса, тост айтатын ағалардан,
Жүретін бата сұрап - мен де ақымақ.

Ақылы елден асқан жан деп едім,
Ісіме разы емес пе, әлде менің?
Өңімде көрмесімді білемін ғой,
Түсіме неге енбейді Әлмерегім?

Жағасын жабығудың жағаладым,
Аян ғой, ақ батамен ағарарым.
... Кісіге үйірлігі жоқ пенденің,
Түсіне қайдан енсін бабаларым?

Айтатын адам қайда тоқтау ұлға,
Көңілдің көз жасы бар жоқтауымда.
Сағындым, қайыс тілген қара шалдың,
Батасы былай тұрсын, боқтауын да!..

Тұрғанмен күні туып аласаның,
Сейілер сәт те келер нала-сағым.
Қолымды жайып тағы мен отырмын,
Қайдасың, аузы дуа қара шалым?..

БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
(Әбу Сәрсембаев)

Жылдар өтті қуаныш кешіккелі,
Жанымызға сағыныш несіп пе еді?
...Менің атам майданға кетер күні,
Көп қарапты ұлына бесіктегі.

Солай тағдыр торына түсіпті нық,
Қайтпайтынын тылсым бір күш ұқтырып.
Маңдайынан сүйіпті асыл жарын,
Кеудесіне соңғы рет қысып тұрып.

Бір үмітке сонда да сенген, бекіп,
Қайран әке, барады елден кетіп.
Ал, алаңсыз нәресте уілдепті,
Әкесіне қолдарын ербеңдетіп.

Көңілінде - өмірге құмар қылық,
Тіршілікте, шіркін-ай, тынар ма үміт?!
Жөргегінен сәбидің жыртып алып,
Мойынына тағыпты тұмар қылып.

Қылғанменен құдайға құлшылықты,
Кім қияды, дүние-ай, тіршілікті!
Солай атам кетіпті қан майданға,
Шаңыраққа бір қарап... күрсініпті.

Оңай емес қан майдан, жат жер деген,
Өтеді ме тіршілік «әттеңменен»?

... Пошташы шал бұл үйге қия баспай,
Атамыздан бір де бір хат келмеген!

Әрбір атқан таңдарды еткенде үміт,
Қуаныш боп, шіркін-ай, жеткен бе құт?
Сағынышқа айналған сарғайған хат,
Шаңыраққа қонбапты кептер болып.

Жанымдағы айтайын мұңды кімге,
Өткен өмір тіріге жыр бүгінде.
«Менің әкем тірі» - деп қайран ұлы,
Құранға да қоспады тірлігінде.

Елдік - менің еңселі еліме тән,
Ерлік жайлы дастанды мен ұнатам.
Белгісіз боп мәңгіге қалғанымен,
Белгілісі - қаһарман менің атам!

Тұла-бойы - тұтасқан шын арлылық,
Тарлан ұлды тағдыры сынар біліп.
... Атамыздың есімін жүрміз енді,
Ұрпақтары мәңгілік тұмар қылып!..

ҚАЙРАН БІЗДІҢ БАБАЛАР...

Ерден батыр кіші ұлы Қасымды өзіме тартқан дейді екен. Ол жастайынан батылдығымен, қайсарлығымен көзге түседі. Ештеңеден қорықпайтын көрінеді. Бірде қақаған қыстың бір күнінде Қасымның ауыл маңына келген қасқырды алқымынан алып жатқанын жұрт көрген...

Ізі қайда, өткеннің өкпегінің,
Ақиқатты айтып бер, көктегі күн.
Қайран біздің бабалар, қасқыр мінез,
Алқымынан алыпты көк бөрінің.

Көшіндей боп көненің, мың дерегі,
Сан түрлі ойға салады күнде мені.
... Бабам мықты болған деп балама айтсам,
Бір қарады бетіме.
Үндемеді.

Соңдарынан тіркесіп бір-бірінің,
Сырғып жылдар, жайменен жылжыды күн.
... Солай, досым.
Бабамдай боламын деп,
Балағыма сүрініп жүрмін бүгін.

Түгенделген тірліктің қай керегі,
Жұлдыз ағып, төбемнен ай төнеді.
Алқымымнан замана алған кезде,
Алқынудан аспадым.
Қайтем енді?

Атады ма, алдымнан ақ таң күліп,
Жанымызды жайласа жаттандылық.
... Көк бөрілер ұлиды қыр астында,
Мен отырмын, түлкіге қақпан құрып...

КӨЛЕҢКЕЛЕР ҚАШАДЫ ҚАЙДА ОСЫ, АҒА?..

Күннен туған баламын...
(Мағжан Жұмабаев)

Айтар дейсің, әдемі әзілді кім,
Маңдайыма шимай боп жазылды мұң.
...Бала шақта көргенім басқа күн де,
Көгімдегі басқалау қазіргі күн.

Секілденіп жалғанға жалқы ғашық,
Жүретұғын шақтар-ай, арқырасып.
Жағасына жармассам тағдырымның,
Күндес өмір күледі артын ашып.

Танымайтын тектіні Тәңірден кем,
Намысына жігерін жаныр көкем.
...Арба сүйреп күн көрген ағайыным,
Күн баласын, құдай-ау, таныр ма екен?

Сабырымның сақасын мұң ұтады,
Үмітімнің өше ме үні тағы?
Күн тұтылса іздейді құдайын ел,
Күн шыққанда ... құдайын ұмытады.

Түн жаныма тұнжыр ой түнетеді,
Күн артынан тізіліп күн өтеді.
Күдерімді үзеді қырық жерден,
Жігерімді біреулер құм етеді.

Шаршатқан соң санамның сан сұрағы,
Тағдыр тағы арқамнан қамшылады.
Тілін шайнап тұрған соң қалың тобыр,
Батар күннің езуін қан шылады.

Жаратқаным қасына байласа да,
Ақыл айтар бола ма айда шама?
...Тас төбеге келгенде күн-құдірет,
Көлеңкелер қашады қайда осы, аға?..

ЖҰМБАҚ-ЖАЛҒАН

Бегұлы болыс - Алашқа белгілі тұлға, Көшек батырдың ұлы. Елдегі дау-шарды аса шешендігімен шешіп, әділдігімен танылған Бегұлы болыстың бір қасиеті - жұмбақтап сөйлейтіні.

(БАҚ беттерінен)

Жақсының жақсылығын жырлап өтем,
Абыз-ай, арысым-ай, сырға бекем.
Шешем деп жұмбағыңды ширыққанмен,
Жалғанның өзі де бір жұмбақ екен.

Жұмбақ күн, жұмбақ өмір, жұмбақ әлем,
Шуылы түн ауғанда тынған әрең.
Жанымнан шықпай қойды мына тобыр,
Мен-дағы сен сияқты мұңданар ем.

Тисе де санасына сауалы дөп,
Сөйлесе бай баласы - ауады көп.
Тірліктің кей жұмбағын қарап тұрсам,
Бабам-ай!
Енді білдім - жауабы жоқ...

Айтса егер мынау елдің пақыры мұң,
Бағалар аздауы-ай деп ақылының.
Шарадай шақша басы осы күні,
Әкімі жұмбақ елдің ақынының.

Жанымның жас шыбығын мың қарып от,
Болмасаң қайран бабам - шын ғаріп ек.
Көңіл-ай!
Көрінгенге көзін сатқан,
Өмір-ай!
Осындай ма ең, жұмбағы көп?..

ҚҰТҚАРУШЫ КИЕМДЕЙ...

(Ел Тәуелсіздігіне)

Еңку-еңку жер шалған, ақша жүзін тер шалған,
Қыран мінез бабам-ай, шерін төккен жемсаудан.

Кең даланың еріні кеберсіген күндерде,
Көк бөрінің киесін өгейсіген күндерде,

Аруананың ақ сүтін отқа сауған күндерде,
Дәстүрім мен салтыма ноқта салған күндерде,

Иманымды дәлдүріш бұрмалаған күндерде,
Жәдігөйлер арымды жырмалаған күндерде,

Қайсарлық пен рухым кісенделген күндерде,
Тектілігім теңселіп, тізерлеген күндерде,

Тарихымның тұсында құйын болған күндерде,
Тіліміздің қадірі тиын болған күндерде,

Өзенімнің өксігі көлге айналған күндерде,
Көлдерімнің көз жасы сорға айналған күндерде,

Орамалы ғұрпымның сыпырылған күндерде,
Кеше келген келімсек құтырынған күндерде,

Көмейіне қобыздың құм құйылған күндерде,
Шайырлардың ұртына мұң құйылған күндерде,

Ұлтым деген ұлының көбі құрбан күндерде,
Абақтыға ерлерім тоғытылған күндерде.

ТӘУЕЛСІЗДІК, сен жеттің Тәңіріден сый болып,
Саған деген сезімді көңілдегі күйден ұқ.

Ертеңіңе сара жол бүгін салып ал, енді,
Айналайын, қазағым, Тәуелсіздікке тәуелді!..

«ОРТАЛЫҚТЫҢ» ОҚЫРМАНЫ

Анау бір қап газиттің ішіндегі іліп алары -
«Орталық» пен «Жұлдыз» ғана...
(Әкемнің әңгімесінен)

Қанша жыл ағарттың ғой санамызды,
Өзіңнен көп дүние табам ізгі.
Көтеріп қос қолымды мойындаймын,
«Орталық», әкем берген бағаңызды!

Жазуға әке көріп, жол тауыппын,
(Көзі ашық, қойшы деген сол «халықтың»).
Шопан боп ғұмыр кешкен қайран әкем,
Бетіне үңілетін «Орталықтың».

Бейнеттен басқа ешқандай «сый» көрмейтін,
Әкешім бұл газетті мүлкім дейтін.
-Оқығанда не шығар енді сенен,
Әкеме анам байғұс күңкілдейтін.

Әке ісі - балалардың жолы сынды, ә!
Жатыр-ау бір ізгілік онысында.
«Орталық» - үйдегі ісі әкеміздің,
Ал, «Жұлдыз» - керзі етіктің қонышында.

Жан еді, қалайтұғын биікті шын,
(Өзіңе жырмен жүрмін құйып мүсін).
Өмірден әкем өтті, анам өтті,
«Орталық» - енді менің сүйікті ісім.

Тағдырдың түстім бе екен торына көп,
Біреу жүр ит тірлікпен болып әлек.
...Әкемді еске аламын
«Орталықтың»
Түскенде жаңа саны қолыма кеп...

СЫЙЫ СЕНСІҢ - ТӘҢІРДІҢ

(Астана келбетіне)

Бақытымның бұлағы,
Шұғыла мен шуағы.
Күн де сенен шығады,
Ай да сенде туады.

Айналдың да алыпқа,
Бар әлемге танылдың.
Сыя алмайтын қалыпқа,
Сыйы сенсің - Тәңірдің.

Сынығындай асылдың,
Келбетіңе бас ұрдым.
Көшесінде ақынның,
Көшесінде батырдың.

Шаттығымның шекері,
Адалдықтың несібі.
Мәміленің мекені,
Ынтымақтың бесігі.

Өткенім де - осында,
(Өкпегінен шошынба).
Көктемім де - осында,
Жеткенім де - осында.

Алашымның мақтаны -
Арқадағы асылым.
Атыңды есте сақтады,
Менің ғашық ғасырым.

Ізгіліктің тұрағы -
Айналаға қарашы!
Еркіндіктің жұмағы,
Келешектің қаласы!

Ертеңі - арман, кеші - үміт,
Есейтеді есіл күн.
...Өлең жаздым есіліп,
Жағасында Есілдің.

ТАМЫРЫ БАР ТАСТЫҢ ДА...

Аян ғой, Алашыма зеректігің,
Өткенді екшейік, дос, елеп бүгін.
Тасына Тәңірінің нұры тамған,
Басына барып па едің Теректінің?

Жатқанмен жайбарақат дала сұлық,
Ол күннің болмайды екен наласы ұмыт.
... Әзірет Әлі қонған жер екен бұл,
Дүлдүлін бос қойыпты таң асырып.

Жанына батқанменен нала-күйік,
Тұрады текті адамда сана биік.
Таңбасы саусағының тасқа түсіп,
Намазға қайран ерім қалады ұйып.

Көңліңнің құрақтары қаулады ма,
Құлақ түр, мына өлкенің тауларына.
Қойыпты Зұлпықарын тасқа сүйеп,
Қылышы сес болыпты жауларына.

Бабаңның тыңдап өссең бата-жырын,
Ішінде баға жетпес жатады ұғым.
Сонан соң тас құдықтың суын ішіп,
Сол жерде шөл басыпты баһадүрім.

Төбеден тағдырының тасы құлай,
Жармасқан жағасына пасығы ұдай.
Жиғанын жәутігіне шашып берген,
Иманын кір шалмаған асылым-ай!

Солай, дос, жанардан жас тамызады,
Аңызы, кең даланың аңызағы.
Сағыныш сарғайтады бұл өлкені,
Арқаға түспесе де тамыз әлі.

Өткеннің өкпегі боп жетеді жыр,
Ұлытау, басы - мәрттік, етегі - нұр.
Тағдырдың тепкісінен торықпаған,
Теректі әулиенің мекені бұл.

Үкісі ағараңдап үміттердің,
Ұлытау!
Ұлағаты ұлықты елдің.
...Әулие!
Басыңа алғаш барған күні
Таста да тамыр барын ұғып келдім...

ҚОСКӨЛГЕ БАРҒАНДА

(Серік досыма)

Үңілсең тереңіне - бір сыр бар, ә!
Беу, Қоскөл!
Тарихыңмен тұрсың дара.
... Төсіне Қарақұмның бір аунамай,
Несіне кеуде керіп жүрсің, бала?!

Ұғатын ұлан едің, қыран құнын,
Қанып ал шежіреге мұнан, күнім.
Ащысу - ащы жасы өткенімнің,
Қараадыр - кең жазығы Бұлантының.

Арманың апарса да қайда сені,
Сертінен ешқашан да таймас ері.
Ұзынсор - жаз жайлауым жадыраған,
Көлдері - көңілімнің айнасы еді.

Шежіре - шемен-шерді қозғар аға,
Ертеңге есіл де есіл сөз қала ма?
Нарөлген...
Қабарады қара суым,
Боздайды жетім бота боз далада.

Туған жер - тектілерге лайық мекен,
Бұл тірлік түсінгенге - ғайып, көкем.
Қарайып Қоянқарта көрінгенде,
Құрдымды ойлап қойған айып па екен?

Ілесіп бара көрме Ертеңге, мұң,
Өлеңім - өз отыма өртенгенім.
Қоскөлім - Қағбасындай қасиеттің,
Қос қолдап құдай берген өлкем менің!..

ЖЕЗ-АЙДЫН

Атағың асып тұрса аласадан,
Қасиет қашпағаны қарашадан.
Жездім-ай!
Жез-бесігі қазағымның,
Тербеткен әнін айтып Алаш анам.

Сағыныш жасауратып қара көзді,
Аңсайды мына ағайын дара кезді.
Қанышты көзімменен көрдім дейді,
Тыңдашы, сыр айтады Бала Жезді.

Тәмсілі нысанаға тиеді дөп,
Жұртымның бұл өлкеге тілегі көп.
Ұйытты немересін Жездібай шал,
«Стәлін бұл Жездіні біледі» деп.

Өткеннің өзегінен ұңғып аққан,
Кетер ме, шемен болған мұң құлақтан?
Талайы тасадағы тас атқанда,
Ай қағып арқасынан, күн жұбатқан.

Жанарды жасытқанмен шың-құздары,
Сейілер тіршіліктің түнгі ызғары...
Көктегі қара бұлтты сырып тастап,
Жездінің жымыңдайды жұлдыздары.

Жаныңның жылататын жыр тұмасын,
Тектінің қашаннан-ақ тұрқы басым.
Жер құшып жез самаурын, қаңсып қазан,
Жез-бесік жұртта қалса...
Ұлтыма сын!

Жасы да, жасамысы, ересегі,
Жездім деп, айдарынан жел еседі.
Жез-айдын!
Жез айдында желкен керіп,
Келеді, бұл өлкенің келешегі.

Сыбырлап сұмдықтарын құлағыңа,
Сені де тағдыр талай сынады ма?
...Таңсәрі.
Жездім менің жасануда,
Шайынып Есқұланың бұлағына...

СУРЕТІҢЕ ҚАРАЙМЫН КҮНДЕ СЕНІҢ...

(Қаныш ағаға арнаймын)

...Суретіңе қараймын күнде сенің,
Сосын ұз-а-а-қ өзіңмен тілдесемін.
Жанарыңнан содан соң сәуле тарап,
Өлеңімнің қажайды ілмешегін.

Баян таудан ұштың-ау, бала қыран,
Бала қыран, бақ саулап балағыңнан.
Шеңгеліңе, шіркін-ай, шыдай алмай,
Уатылды қара тас талабыңнан!

Дегендей-ақ – дархандық ала келсін,
Кең маңдайың – көсілген дала дерсің.
Жез сандығын сен ашып бұл даланың,
Сүйсініпті ісіңе тамам ел шын.

Сен ұстаған қайла тұр мұражайда,
Соны көрсем, сан сауал тұнады ойға.
Өміріңнің өрнегін көріп содан,
Күш аламын, сенсеңіз, тұла-бойға.

(Бар қазаққа шұғыла жауды арайлы),
Сен жайлы жыр жан-жақтан қаумалайды.
«Бұл Қаныштың ашқаны – кен ғана емес!..»
Тарих ата сақалын саумалайды.

Уысына көсіп бір кенді алады,
Елің –еркін, басылған енді алаңы.
... Естимісің?
Тербеп тұр бір ән ғажап,
Керзі етікпен сен кезген кең даланы!..

САРЫСУ ВАЛЬСІ

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ
Әнін жазған: Құрманғали ТӘШЕТОВ

Кең даланың көздерінің қарасы –
Осы деп біл, назар салып қарашы.
Мынау ауыл – кіндік қаным тамған жер,
Ізгілік пен мейірімнің панасы.

Қайырмасы:
Жанымдағы Жанартауым,
Сенен таптым ән арқауын.
Сарысуым – сырлы мекен,
Сағынышы Сарыарқаның!..

Тектіліктің тұрағында мен келем,
Қызғалдақ боп қыр төсінде тербелем.
Бала кездің тарап тұрмын кекілін,
Еспе жақтан ескен самал желменен.

Қайырмасы:
Жанымдағы Жанартауым,
Сенен таптым ән арқауын.
Сарысуым – сырлы мекен,
Сағынышы Сарыарқаның!..

Жыландының биігінен самғаған,
Қыран-күнім, қос қанаты талмаған.
Ерке өзенім ағып жатыр есіліп,
Бүгінімді болашақпен жалғаған.

Қайырмасы:
Жанымдағы Жанартауым,
Сенен таптым ән арқауын.
Сарысуым – сырлы мекен,
Сағынышы Сарыарқаның!..

Үшінші бөлім
БАЛЛАДАЛАР МЕН ПОЭМАЛАР



БӨРІ БОПТЫ БАБАМЫЗ...

(баллада)

Олар жайлы жырларым - талай дәптер,
Бөрі бопты бабамыз.
Қалай мықты ер?!
Көрінбесе көл кеуіп көңілдегі,
Бөрі енбесе түсіме...
Талайды иттер.

Түлкідейін сонарда соғып алған,
Құбылады-ау осылай өмір-жалған.
...Ауыл көшті.
Қарт мерген жұртта қалып,
Қаладағы қу жалғыз қолына алған.

Болғаннан соң киелі ар құндағы,
Құтылмайтын жортқан аң алдындағы.
Жастық шағы қашты да қыр астына,
Береніне аңшының алдырмады.

Күзге айналып кеткен соң көктем-күнің,
Өткен күнге оралар жоқ көлігің.
Көшті солай қалаға.
Ал, ескі үйден
Алғаны тек - терісі көк бөрінің.

Баспасын деп бейдауа ырық бойды,
Бездірмек пе, осылай күдікті ойды?
Көк бөрінің терісін кие көріп,
Өз тұсына қарт аңшы іліп қойды.

Кең даланың серісін қала қысты,
Ауыртқанда жүрегін алаң ішкі,
Көк бөрінің терісін сипалайтын,
Алақаны аңшының тарамысты.

Қашқаннан соң қадірің - сен де кебін,
Күйін кешті қарт аңшы шерменденің.
Тас қабырға тұс-тұстан тесірейді,
Қабағымен ықтырды кердең келін.

Жана алмасаң, замандас, шырақ құрлы,
Тағдыр бізге таңады сынақ түрлі.
...Көк бөрінің терісін, төрде ілулі,
Кесір келін қоқысқа лақтырды.

Жауабы жоқ, санамда сұрақ ащы,
Жалған!
Сенің жолыңнан кім адасты?
... Ауладағы қоқысқа қожа болған,
Ит атаулы қыңсылап тұра қашты.

Көрік басар жаныңа жоқ ұста әлі,
Бұл өмірде осылай оқыс бәрі.
Ырылдасқан иттерді бездірді анық,
Көк бөрінің терісі...
Қоқыстағы.

Шимай жібі-ай тағдырдың, шешілмедің,
Дүниенің қарашы есіргенін.
-Қасқыр көрдім түсімде, - деді ақсақал,
Үндемеді ұл.
Мырс етті кесір келін...

ТҰЛҒА ТЕКТІЛІГІ

(баллада)

Алаштың Ақселеуіне арнадым.
(автор)

Ұлтына ұлылықтан сый үйіре,
Тартқан ер, тектіліктің үйіріне.
... Жол үсті.
Жаңаарқадан аса бере,
Бұрылдық, Ақселеудің биігіне.

Тектілік танылғанмен тұлғасынан,
Айрылған жан-ау, сірә, сырласынан.
Қабірдің маңайына малдас құрған,
Қария көріп қалдық қыр басынан.

Күз айы.
Табиғаттың қаны қашып,
Мен тұрмын сары далаға жаным ашып.
... Шақшасын қолына алған қара шалға,
Бәріміз амандастық жамырасып.

Ұлты үшін ұрандаған біліп кезін,
Ұлыны бағалау да - ұлық сезім.
Аңғарып жайымызды айтқызбай-ақ,
Құранды боздатты бір жұмып көзін.

Заманға не шара бар, салған мұңын?
Ақселеу!
Ақ дидарың арман бүгін!
Құранмен қоса егілдік, сезіп қойып,
Жап-жарық мына өмірдің жалғандығын.

...Біздерге жақынырақ, таяу ұшты,
Күтеді ол қай адамнан таянышты?
Қабірді шыр айналып, шырылдайды,
Бір торғай, даусы неткен аянышты...

Деуменен - бабам рухы қолдайды ұлы,
Біз жүрміз, алаңсыз күй, сол байырғы.
Жанарға жас үйірді, құдайым-ай,
Құранмен қосылғанда торғай үні...

Қашаннан соңы - мұңды, алды - базар,
Жалған-ай, жайың осы, жанды қажар.
Қария құран оқып, бет сипады,
Содан соң сол торғайға салды назар.

-Достың да керемет қой тұрақтысы,
Ұшпайды жақсылардан жырақ құсы.
Қарашы!
Мына торғай Ақселеудің,
Секілді Арқадағы шырақшысы.

Түскенмен қадірлінің құны бүгін,
Сен мынау бозторғайдың сырын ұғын.
Шырылдап, жалықпайды қайталаудан,
Алашқа, Ақселеудің ұлылығын!

Төседі демегейсің жолыма мұң,
Елміз ғой, бағынан да соры қалың.
Қадірін түсінетін асылдардың,
Торғайдай болмасаңдар, торығамын...

Қайтеміз, қан тасытып, қоймаса ерік,
Жүрміз бе, жалаулатып, бойға сеніп?

... Қария қала берді қыр басында,
Біз болсақ жолға шықтық, ойға шомып.

Жанына жақсылықты мұра қылған,
Абыздар, айналайын, тұрағыңнан!
...Өң түгіл, түсімде де
Сол торғайдың,
Шырылы кетер емес құлағымнан...

... Арыла алмаспын мен, сірә, мұңнан!..

КЕЙКІНІҢ ҮҢГІРІ

(баллада)

Сөйтіп, ауылдың атпал азаматтарының басын қосып, Кейкі үңгірінің қасына батыр бабамызға ескерткіш-белгі қойдық...

«Шеңбер» ауылының әкімі
Сағат аға Сұлтановтың
әңгімесінен.

Ауысып бір асудан бір асуға,
Уақыт ұлы көшке ұласуда.
Есіл ер ел ұраны болып қалсын,
Ескі күн, қарсы болма, сыр ашуға.

Шығарар тарих ата төрге кімді,
Уақыт, кім бұза алар өрнегіңді?
Өткеннің өзегінен сыр саумалап,
Ұлытау, айтып берші көргеніңді.

Замана қарата алмас құбылаға,
Тұратын әлімсақтан шыңы дара.
Тасында тектіліктің бедері бар,
Не сыр бар қойнауыңда, Ұлы дала?

Ерлер-ай, жүретұғын аласармай,
Жаныңа қоймайды уақыт жара салмай.
... Ана тау неге аталған «Кейкі үңгірі»,
Айтып бер, тынып аққан Қараторғай!..

Танытқан туған ел деп өре-күшін,
Батырдың ел айтатын дерегі шын.
Сырыңды айт, киелі өлке!
Кейінгі ұрпақ
Кейкінің біле жүрсін ерен ісін!..

***

Жаныңның жанарына жара сала,
Төріңе тексіз кейде таласады, ә!
- Кеп қалды!
- Кім кеп қалды?
- Қызылдар да!..
Таң атпай үрпиісті бала-шаға.

Бұл өмір қай пендеге сый тартқан жай?
Әп-сәтте мамыражай күй қайтқандай.
- Қызылдар!
- Ау, қызылдар біздің жақ қой!
- Орыстың бәрі дұшпан!
- Кейкі айтқандай!..

Сыймады-ау, маңдайыңа ырыс бүгін,
Ауылдас, басқа түсті құныс-күнің.
Шаңдатып жетіп келді қалың әскер,
Қамшылап қараша ауыл тыныштығын.

«Туған ел!»- болғанымен текті ұраны,
Қанменен жуылған ғой кектің әні.
Шіреніп үзеңгіге шикіл орыс,
Ызғармен:
-Кейкі қайда?- деп сұрады.

Көзімен жауына атып мың жебені,
Ал, ауыл...
Үлкен-кіші үндемеді.
Жағынып кәмәндірге шеткі солдат,
Сыбырлап айтты ақырын бірдеңені.

-Кейкісіз болады ма күнің ғаріп?
Өңшең ит!
Шықпай қалған үнің не ғып?
Кейкінің үйі қайсы, қатыны кім,
Алып кел, тез алдыма, бірің барып!

Шайқаумен қайран ауыл – алып құтты,
Сары орыс тәмам елді талықсытты.
Бір солдат Кейкі үйіне кіріп кетіп,
Ақжанды шаштан сүйреп алып шықты.

-Кейкідей қас дұшпанды түлетті кім?
Шығады шаңырағыңнан бір от бүгін.
Айт, қане, Кейкі қайда?
Айтпаймысың?
Ендеше, сен қатынға бір оқ шығын!..

Сол күндер рухыңды сынапты ішкі,
Кейкінің жақынына сынақ күшті.
Жау оғы жүрегінен қадалғанда,
Бүктеліп Ақжан ару құлап түсті.

Өсірген қасиеттің құсын бағып,
Қайран ел, еркіндіктің ұшында - құт.
Аяғы ауыр еді, текті ананың,
Баласын алып шықты ішін жарып.

-Кейкіні таппай көңіл олқы бүгін,
Бөрінің қарай көргін бөлтірігін?!
Бәтшағар, ұл бала екен, әкесіндей,
Қалмасын одан ұрпақ!
Өлтір ұлын!..

Мына елдің сыпсыңынан өріп кекті,
Ер жетер, өлтірмесең, болып текті!
... Жарқ етті күн көзіне жалаң қылыш,
Шақалақ шыр етті де... өліп кетті.

Тәңірдің тірі жанға сый – тынысы,
Баспайды бұл қазақтың кей күн ісі.
Даң-дұңды ести сала, ұйқылы-ояу,
Далаға Шұбар шыққан – Кейкі інісі.

Қайтемін, болған жайдан сыр үгітпей,
Тыншымас мына дұшпан, күні бітпей.
Шұбарды көре сала атып салды,
Кәмәндір, қаскөй неме, шімірікпей.

Кей адам қан ішуге құныға ма?
Әп сәтте қан сасыды тұнық ауа.
Сұмдықтан Ұлытаудан ұлар безіп,
Ішіне қанын тартты Ұлы дала.

Бабамның ерлігіне мұрагер-ді,
Тағдыр-ай, қоймадың-ау, сынап ерді.
Есітіп ауыл жақтан мылтық үнін,
Ер Кейкі қыр астынан шыға келді.

Көк бөрі, күнге де ұлы, айға да ұлы!
Шыққыр көз, көріп тұр ма қайдағыны?
Құдай-ау, жайрап жатыр үй алдында,
Асыл жар, қайран ұлы, қайран іні.

Жанына жақұт терген құба белден,
Бұл өмір не сұрайды ұранды ерден?
Дүние төңкерілді көз алдында,
Қол салды мылтығына құлан-мерген.

Бар сұмдық сана менен көзге көшкен,
Кек алу!
Шығарды анық өзгені естен.
Қол бастап, көсемсіген кәмәндірді,
Қолмерген, атып салды көздеместен.

Болмысы болмағасын тұрақты ішкі,
Кесірге қашаннан-ақ сынақ күшті.
Ақшаңдап екі көзі атыздай боп,
Кәмәндір ат үстінен құлап түсті.

Соңы – осы, қаскөйліктің, көп салмақтың,
Жауызды жер бетінен оқшаулат, күн!
Әп-сәтте қашып кетті берекесі,
Өлген соң кәмәндірі, көп солдаттың.

Адамның болмасы анық өлмейтіні,
Аян жай – ердің езге ермейтіні.
Мергенді көріп қалып қыр басынан,
Көп солдат қуып берді ер Кейкіні.

Ағайын, құлағың сал, білмесеңіз,
Кейкінің көретіні – күнде соғыс.
Атының бауырына аунап түсіп,
Атқанда сұлап түсті бірнеше орыс.

Ұқсамас тіршілігі кей кісіге,
Көрмеген мойын бұрып күйкі ісіне.
Көзсіз ер келіп кірді үңгіріне -
Табиғат арнап соққан Кейкісіне.

Жауларын атпайды әбден таяп алмай,
Батырға осы үңгірде сая бардай.

Орыстың опат болды бірнешеуі,
Кейкінің үңгіріне таяна алмай.

Ерліктің, біліп өс, дос, өлмейтінін,
Жауына жай түсірді ол, бермей тыным.
... Сандалып сансыз орыс кері қайтты,
Ала алмай үңгір-үйін Ер Кейкінің!..

***

Дүние, ғасыр аунап, алмасады,
Ерліктің қашаннан-ақ талмас әні.
Дара ұлын туған жері тербейді енді,
Осылай дала аңызы жалғасады.

Биіктік тән екен ғой, алмас-ұлға,
Алынбас қамал болған жауға, сірә.
Кейкідей қырағы ердің көзіндей боп,
Сол үңгір әлі де тұр тау басында.

Келсін деп қазағыма ырысты күн,
Серпіген сақпандай боп ұлыс мұңын.
Үңгірде рухы бар ер бабамның,
Күзеткен туған елдің тыныштығын.

Бұл елде аңыз да көп төзімді ерге,
Қол созып, қолдау болған езілгенге.
Үңгірде Кейкі жаққан от орны бар,
Табы әлі басылмаған – сезінгенге...

Ел болған ғұмыр бойы алаңы шын,
Кейкім-ай, кескекті ерім, дара мүсін!
... Жаныңа жара түссе, қайран досым,
Кейкінің үңгіріне барамысың?..

ТЕКТІ

(поэма)

Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі – орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғаны. Старшина күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып, қоса қуысқан. Қуған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесары атынан түсіп, намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде, Құнанбай: «Намаз уақытында шаппаймыз», – деп, шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақтарды жиып алып, Құрқұдықтың маңында кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті. Кейін атыс болғанда жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесары қолының бір батырын қуып, найзаламақшы болған, соны Құнанбай сабапты.

(Мұхтар Әуезов)

І бөлім

Өткеннің сыры бізге қанша мәлім,
Жырыммен соқтырайын таң самалын.
Көліңе шайып алам көңілімді,
Қалам ғып Қарқаралы аршаларын.

Байлаумен қаншама жыл кекке мұңды,
Бір шындық қанжығаға бөктерілді.
Жаратқан, жар бола гөр, қолда мені,
Жырлайын Құнанбайдай текті ерімді.

Көненің көлбегенде көші егіле,
Қарайық қайта айналып кешегіге.

Жарасы тарихымның жазылмаса,
Наласы санамыздан өшеді ме?

Шығандап кеткеннен соң шындық-елік,
Шығады ши түбінен құлдық өріп...
... Құнанбай жүріп өткен ізге үңілдім,
Көненің көзіндегі мұңды көріп...

II бөлім

Тірліктің телміргенмен табағына,
Өмірдің кім тойыпты сабағына?
Таң алды.
Қарқаралы.
Қалың әскер,
Қатулы Құнанбайдың қабағы да.

Ұсынбай жауы менен жатқа қолды,
Ерлерім ел намысын ақтап өлді.
... Орыстың ұлығының пәрменімен,
Жапырлап үлкен-кіші атқа қонды.

Тағы бір шұбарлау таң атқаны ма,
Тұрғандай сыртын беріп бақ та мына.
Қалың қол желе жортып кете барды -
Түсірмек Хан Кенені қақпанына...

Көңілдің сыртқа тепсе мұңды лебі,
Қалайша көгіңізден күн күледі?
Қабағы қатулы еді Құнанбайдың,
Ойында не бар екен?
Кім біледі?

Шырғалаң шиырмен кеп шешім етер,
Айтса егер Аға Сұлтан, несі бекер?
Құдай-ау!
Құнанбайдың жалғыз көзі,
Қадалса, кеудеңді де тесіп өтер!

Жететін бір басына шыдам қайда,
Орыстың ұлығы да күмәнді ойда.
Қарайды тілін жұтқан кең далаға,
Қарайды содан кейін Құнанбайға.

Құнанбай...
Тағдырының желді өтінде,
Күлкіге орын жоқтай келбетінде.
...Баласы даласынан айнымаған,
Мұндай да ел бар екен жер бетінде...

III бөлім

Жалғанның осы ма еді жосығы ерен,
Көңілдің сейіледі қошы неден?
Қалың қол суыт жүріп сәске түсте,
Кездесті Хан Кененің көшіменен.

Тізіліп тағы да бір көш келеді,
«Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді».
Өткеннің өкпегіне өкіндіріп,
Мына күн салып кетті еске нені?

Адалдың ақ пейілін жасырып ай,
Ізгі істің осындай ма ақыры ұдай?

Дұшпанның қоршауында қалса-дағы,
Хан Кене сыр бермеді.
Батырым-ай!

Шыдамға шындық жібін байлап едің,
Ақылың айбарыңа сай ма дедім.
... Тізгінін тартып батыр тұлпарының,
Атынан түсті ақырын қайран ерім.

Жаратқан жұртың үшін сабыл деген,
Асырған Алаш мынау бағыңды ерен.
... Жауына жауырынын беріп тұрып,
Намазға ұйыды ерім сабырменен.

Сұрасаң лайық деп жақсы атқа кім,
Қай жолы Кенесары ақсатты арын?
Орыстың оқалысы әскеріне,
Шап - деді, - Хан Кенеден бастап бәрін!

Қайсарлық!
Оны Құнкем қармап қалды,
Сөзінде қорғасындай салмақ бар-ды.
-Тоқтаңдар!
Ащы айқайы абызымның,
Шошытты шошаңдаған солдаттарды.

Қыруға осы көшті талаптанған,
Шаппаса несіне онда жарақтанған?
Орыстың оқалысы ежірейіп,
Күдікпен Құнанбайға қарап қалған.

-Ақылға келетұғын ұлық па едің,
Кеудеңді кернемесін күдік керім.

Намазға ұйығанға тиіспеңдер,
Құдайдан болса егер де үміттерің!

Басыңа талай зауал төнгенімен,
Хан Кене!
Алла жолын жөн көріп ең!
... Құнкемнің оқ боп сөзі сары орысқа,
Жалғыз көз өтіп кетті өңменінен.

-Орыны осы емес-ті нала-кектің,
Тірлікте оны талай талап өттің.
Кенеге қару кезеп, тілің безеп,
Жұмысын жасамаңдар қарабеттің.

Әр істің үңілейік ақырына,
Ағайын, құлағың сал ақылыма.
... Осы кез жуантаяқ Төлек батыр,
Кененің қарсы шапты батырына.

Айтқаны айдалаға кеткені анық,
Құнанбай қайтеді енді көпке налып.
Атына қарғып мінді қайран ерім,
Ашуын намысымен шектеп алып.

Даланың дәру алып әр тасынан,
Абыз-ай, алтын емес - ар тасыған.
Төлектің жетіп барып дәл тұсына,
Қамшымен тартып өтті арқасынан.

Құнекем қамшылай ма ұнағанды,
Төлекте таудай үлкен кінә бар-ды.
Түр-өңі күреңітті Құнанбайдың,
Кең дала кемсең қағып, тына қалды.

Шеменді талай шерін шертер едім,
Келеді елдігіме еркелегім.
Үлкенді сыйлап өскен халықпыз ғой,
Тез келді тәубесіне Ер Төлегім!

Тектілік төңіректі торығандай,
Дәстүрдің даңғыл еді жолы қандай!
Шайнасын бірін-бірі екі қазақ -
... Орыстың ойы қалды орындалмай.

Күн шығып бұлт астынан шырайлана,
Қазақты ырыс келді шыр айнала.
Тектілік тура жүрді, иілмеді,
Тағдырым басқанымен мың айлаға.

Сенгесін Құнанбайдай жолбасыға,
Орыстың түскені ме торға, сірә!
... Қыр асты көз ұшында екі қасқыр,
Қас қылу ойында жоқ жолдасына.

Дұшпанның қулығына алданбадың,
Ар биік Алашымда - аңғарғаным.
Қасқырды көргеннен соң басын қасып,
Сары орыс түсінді енді сандалғанын...

Ұл болып тусаң егер ұлтың үшін,
Кеңейтіп қысылшаңда жүр тынысын.
Құнанбай қыр басында күрсінді анық,
Кім ұқсын бірақ оның күрсінісін...

IV бөлім

Санама тұратындай сарын үстеп,
Жанымның жанарында жабығыс көп.
Сары дала.
Сыр ауласаң сағымдардан,
Самал жел сарнап жетер сағыныш боп.

Көңілін көң-тірлікте кірлетпеген,
Ерлерді көгімдегі күн деп келем.
Хан Кене - Хақ Тағала сүйген ұлды,
Құнанбай, міне, осылай құрметтеген.

Жүргенде сыр дәметіп сыбағаға,
Дауылы дүниенің тына ма, аға?
Төсінде әлдилесін тектілерін,
Даналық бесігіндей мына дала...

ҰЛЫҒ БИ

(поэма)

Таулары - тектілік қой қатпарланған,
Бұл жерде басқа қонған бақ бар маған.
Қыраттар құпиясын қалқалап ап,
Сағымға сырын орап сақтар далам.

Туған жер!
Сенде де бар мінез түрлі,
Көңілдің күртігі еріп, күнес күлді.
Ұлытау!
Биігіңе шыққан кезде,
Күмбірлеп құлағыма күй естілді.

Қылышың секілденіп қайралмаған,
Өткеннің сырын енді қайдан бағам?
Сен жүрсің көңілімді күмбірлетіп,
Кетбұқа!
Қол бастаған қайран бабам!..

***

Қайран баба!
Ұлтыңның мұраты едің,
Ел тағдыры, ойыңда, сірә, сенің.
... Кешкі уақыт.
Керімсал қыр басында,
Үнсіз ұзақ отырды Құба -тегін.

Жатпасы анық өткен күн іздеп келіп,
Жаз түгіл, қалған екен күзді өткеріп.
Тағдырының талайлы кезеңдері,
Көз алдынан өткен-ді тізбектеліп.

Жау алмасын деуменен төңіректі,
Ат жалында, қайтесің, өмір өтті.
Аязына Арқаның қолын қарып,
Ыстығына ысталып, көні кепті.

Тұрған кезде бабамның мәрт елесі,
Қайраңдамас мәңгілік ар кемесі.
Дүниенің назары осында еді,
Наймандардың өскенде мәртебесі.

Шарасына шаттықтың тұнып көлі,
Қасірет пен қайғыны ұмытты елі.
Ұлғайған ұлтым-ау деп, жұртым-ау деп,
Инанш Білге қаған білікті еді!

Қылышын ойнатады ол аярларға,
Ел үшін қайран ерлер аянған ба?
Жау қайдан жасырынсын жар астына,
Құдай-ау, Эниат пен Таян барда!

Күн қайда, аралайтын күліп қырды,
Өмірдің мәнін оған кім ұқтырды?
Өз-өзін алдағанмен
Қарт абыздың
Ертеңге көңілінде күдік тұрды.

Жалғанға көңіл шіркін тояр ма еді,
Өлсе егер ақ арулап қояр елі.
... Қайғысы Қаратаудай қарт абыздың
Сенері - Кетбұқадай ноян еді...

***

Өткеннің өреліге мол дастаны,
Қалаған ісіңіздің болмас бәрі.
Көтеріле көшкенде қалың Найман,
Кетбұқа қоныс қарап, жол бастады.

Күтеді енді кімнен таянышты,
Ұсынар мына тағдыр қай ағысты?
Заман-ай!
Зары тұнған көмейіне,
Бозінген!
Даусы неткен аянышты!

Бозінген!
Қасіреті боз даланың,
Елімнің ертеңіне көз қадағын.
Арай күн Алашымды аяласын,
Қалаймын, мына дала тозбағанын.

Күштінің көксегені болды басым,
Тағдыр-ай!
Қалтыратып, тоңдырасың.
... Бозінген ішін тартып боздағанда,
Кетбұқа қолына алды домбырасын.

Сөзіне үлкен-кіші, ұйып текті,
Бір өзін туған елі биіктетті.
... Іштегі буырқанып запыран-шер,
Ішекке саусақтары тиіп кетті!

Кеткен соң мұңсыз күндер шын көрікті,
Өткенді өрелі жан мұң деп ұқты.
... Бозінген домбырадан боздады анық,
Құдай-ау, бұл сұмдықты кім көріпті?

Шығарып қу тірлікті, басқаны естен,
Сол сәтте өң мен түсті бастан кешкен.
Домбыра бозінгенге айналғанда,
Дүние төңкерілді астан-кестең!

Ғаламның бұзылғандай шырқы мүлде,
Мен мұны айта алам ба, жыр тілінде?
Құшақтап домбырасын жығылды ерім,
Дүние дірілдеді кірпігінде...

***

Тағы кім таңғы арайды тұмшалады,
Тағы да буғаны ма мұң сананы?
... Шыңғыстың алдында отыр Ұлығ биім,
Қолында бебеу қаққан қу шанағы.

Пенделер пейіл маңын жол қыла ма,
Дүние!
Өкпек желің тоңдыра ма?
Кетбұқа көзін жұмған.
Ой үстінде,
Шыңғыстың екі көзі домбырада.

Көңілден көздің жасы себеледі,
Мен емес, елес күннің ебелегі.
Шыңғыстың шымыр етті тас жүрегі,
Қу шанақ!
Өксітесің неге мені?

Жан ба едің, әй, Темушін, күнәға жақ,
Табардай бөтен елден, сірә, ғажап.
Не дейді, бебеулеген мына шанақ,
Не дейді, тілін жұтқан мына қазақ?

Жауызға жараса ма, жақсы ат бүгін,
Елігін мейірімнің ақсатты кім?
Шыңғыс хан селк етті де, бойын жиды,
Ал, ойы алыс қашты атшаптырым.

Өзгенің қол салған жан арайына,
Ізгілік жайын қойсын қалай ұға?
... Осы кез келіп кірді көп ақылшы,
Шыңғыстың ат шаптырым сарайына...

Ол бөтен іс қылды ма, сынап арды,
Қу шанақ!
Сенде қандай кінә бар-ды?
... Шыңғыс хан Кетбұқаға бір қарады,
Домбыра... өксіді де, тына қалды...

***

Жанында жара болса, ұсын емін,
Жай-күйін Кетбұқаның түсін, елім.
Көрген бе, екі болып хан бұйрығы,
Бетке алды қалың әскер Мысыр елін.

Бейнеттен қашан бұл ер құр қалады,
Бітер ме, бұл тағдырдың шырғалаңы?
Көңілі әлденеге елегізіп,
Кетбұқа айналаға бір қарады.

Құрумен соқпағыңа сынақ-қақпан,
Сол кеште күн қызарып, жылап батқан.
Бозінген боздады да боз даладан,
Сақтай гөр!
Ит ұлыды, қырат жақтан.

Сөзімді аңыз дегін, ертек дегін,
Жауымды жер қаптырдым, жентектедім.
Бозінген - кең даланың күйі еді ғой,
Әлгі иттің ұлығаны...
Селк етті ерім.

... Бетке алып сахараның құба белін,
Жауына өкпе тұстан шығады ерім.
Шыңғыстың әскері өткен жер көрсеңіз,
Қағанның даңқын, досым, ұғар едің.

Күте бер, кездессеңіз, қауіп одан,
Баса алмас алға қарай жауы қадам.
Шайқаса - таудай толқын пайда болып,
Жайпаса - теңеу болмас дауыл оған.

Жетуің дұрыс па екен, баққа бұлай,
Жабылмас пенделіктің қақпағы ұдай.
Шыңғыстың маңыраған қалың қолы,
Мысырға келіп жетті.
Сақта, құдай!

Жайменен жылжығанмен алға сынбай,
Бақилық - тіршіліктің жалғасындай.
... Өмірден өткен екен Мөңке қаған,
Хулагу жайсыз хабар алды осындай.

Қасірет жігері мен еркін алып,
Көңілде қимастықтың дерті қалып.
Қазалы хабар айтқан Шиктур ноян,
Қайтты елге, Хулагуді ертіп алып.

Жатқанмен бір басыңа бата қонып,
Кей кезде қай шаруаң жатады оңып?
Хулагу әскерімен кейін қайтты,
Мөңкенің қазасына қапа болып.

Қашаннан жарасады айқас ұлға,
Жыр қылып ерлер жайлы айтасың ба?
... Мысырда аз әскермен ер Кетбұқа,
Құтізбен бел байлады шайқасуға.

Сөзім - серт, сіздей жанға сыр ашамыз,
Шежіре тарқатайық ұнаса, біз.
Мысырдың Құтіз еді билеушісі,
Қыпшақ-ты арғы тегі - сұрасаңыз.

Десем де - әділдік деп күресемін,
Кешір, дос, мен тағы да мұң есемін.
Дүние төңкерілді.
Аққан қанның,
Береді келешекте кім есебін?

Жауыздық - бұлақ па едің, тазармаған,
Қырғыннан өз бақытын табар ма адам?
Күн көзін қанға бояп қайқы қылыш,
Жебенің жері жоқ-ты қадалмаған.

Батыр деп қол бастайтын сайлады елім,
Ержүрек біздің ноян қайда дедім.
Көп дұшпан қоршап алып Кетбұқаны,
Қапыда қолға түсті қайран ерім.

Тектінің қанаты егер талмаса нық,
Қалмайды қап түбінде алмас анық.
Жендеттер жараланған Кетбұқаны,
Құтізға алып келді қан-жоса ғып.

-Арқаның төсін еркін жайлап елің,
Бөлендің жайма-шуақ жайға керім.
Жалынсаң аяғымды құшып менің,
Жаныңды қалдырайын, қайран ерім!

Қашаннан қарып түсер шоқ мінезің,
Дұшпаннан бой тасалар жоқ-ты кезің.
...Құтіздің айтқанына мырс етті де,
Кетбұқа қадады оған отты көзін.

-Осылай ит өмірің өтеді де,
Ермедің қанша сұмның жетегіне?
Жүруші ең жасырынып жылдар бойы,
Шаджарат сұлтаншаның етегіне.

Сайқалдың сықпыты бар сойылыңда,
Жатқансың Ібілістің қойынында.
Ажалы сенен болды Тұран шахтың,
Айбектің қаны да бар мойыныңда!

Адалдың ісі болды - жақтағаным,
Тәңірдің таттым талай сақтағанын.
Құл болып ғұмыр кешкен сенен гөрі,
Ұл болып өлеріме мақтанамын!

Жақсылық жақпарына бекінеді ұл,
Ер болсаң - ел үшін деп, жетіле біл.
Осылай деді-дағы Ұлық биім,
Түкірді Құтізыңның бетіне бір!

Лайық қошеметке қай күніміз,
Бұдан соң салады енді қайтіп ұрыс?
Ашудан ісіп-кепті Құтіз сонда,
Жарқ етті қынабынан қайқы қылыш!

Қыран боп көкке самғап, жыраққа ұшты,
Қашаннан қайсар ерге сынақ күшті.
Қан жуды ақ сақалын Кетбұқаның,
Қарт абыз етпетінен сұлап түсті.

Сол түні көкте жұлдыз жайнамаған,
(Кез болар кейде осындай жайға да адам).
Бозінген боздады да боз далада,
Кенеттен ит ұлыды айдаладан.

Бағына жаралып ең, боз даланың,
Мәрт бабам!
Қияларға көз қададың.
... Жанарын жұма берген Кетбұқаның,
Естілді құлағына боздаған үн...

***

Бозінген боздағанда боз далада,
Боз жусан шеменіңді қозғаған ба?
Мен талай жерді құшып жылағанмын,
Тұғырдан тұлпарларым озбағанда.

Шешілмей, шимайланды жердегі дау,
Ұлығым!
Ұлағатқа шөлдедім-ау.
... Кетбұқа - Ұлытауда!
Сенемісің,
Ұлылық содан қалған елге мынау!..

БІРЕГЕЙ

(баллада)

Менің есімімді Манаш ауылындағы Нәсимолла есімді татар молдаға әкем бозжорғасын беріп, азан шақырып қойған екен. Фариза "бірегей" деген мағынаны білдіреді.

(Ф. Оңғарсынованың естелігінен)

Тағдыры тарғыл түсті, тегіс теңбіл,
Шөлдесе, су емес-ау – шер ішкен гүл.
Жыр үшін жер бетінде ғұмыр кешіп,
Қайтадан көкке ұшыпты періште бір.

Жүргенде, жан секілді ұмыт қалған,
Жаққан жан көз алдыма үмітті арман.
Жақсылық жаршысы боп жалғандағы,
Бейнесі жанарыма сіңіп қалған...

***

Түс көрсем – жыр дестелі жолды көрем,
Күндер-ай, қайта келмес, сол бір ерен.
Ол кезде балаң едім, албырт едім,
Сенгенім – өлең еді, мөлдір өлең!..

Бұл өлең – бізге қалған мұра сынды,
Қырандай мен де қақтым құлашымды.
Дегенмен...
Көзі шелді мына қоғам,
Көзіне ілмей қойды бұл ақынды.

Сол шақта тек сәтсіздік «ұнатты» ұлды,
Мен десе тосты алдымнан сынақ түрлі.
Өзгелер төрге барып жайғасқанда,
Өлеңім босағада жылап тұрды.

Оятар жас ақынның зары кімді?
Сол шақтан санамда әлі бар үзінді.
Жырымның жанарының жасын сүртіп,
Түнімен айға айтқанмын арызымды.

Қалмай түк амалымыз, шарамыз да,
Құдай-ай!
Күл астында қаламыз ба?!
... Бір күні аты Алашқа аңыз адам -
Фариза ақын келді қаламызға.

-Атағы өлең-жырда асқан адам,
Арнайы келген екен Астанадан!
... Шулады кенші қала ақынды айтып,
Кен қазып, иен байлық таспалаған.

Айналған қазағының арайына,
Ақынның әкім біткен маңайында.
Әсерлі бір кеш өтті жырға толы,
Дүркіреп, кеншілердің сарайында.

Ақынға арнау оқу – мендегі арман,
Иыққа игі мақсат теңдеп алғам.
Сахнаға шығу сәті түсе ме деп,
Сол кешке алып-ұшып мен де барғам.

Тербелген «аста-төктің» кемесінде,
«Кіл жақсы» мына мені елесін бе?
Кенеттен осы кешті жүргізуші,
-Жас ақын жыр оқиды! - демесін бе?!

Көңілден күдігімнің бұлты кетіп,
Қалың ел қолын соқты дүркіретіп.
Сахнаға қарғып шықтым сәйгүліктей,
Жанымды жалындаған жыр түлетіп.

Осы сәт ертегі ме, шын ба бағым?
Осы оймен «Бірегейге» бір қарадым.
Әлі де ыңғай бермей отыр екен,
Шалыпты кіреукелі мұң қабағын.

Болмысы ынтықтырған бар қауымды,
Сынасын апам менің самғауымды!
Маңызын осы сәттің сезінгесін,
Ақынға төктім мен де арнауымды.

«-Ізгіліктің тұзы қайтып тати ма,
Саусағымда – сор баттасқан сақина.
Еркелетер, емірентер ақ пейіл,
Бақтығұлмен бір кеткен бе бақиға?..»

(Берілер бүгін кеште бағам қалай?),
Жыр оқып шабыттандым, алаңдамай.
Әлгінде ыңғай бермей отыр еді,
«Бірегей» жалт қарады маған қарай!..

Ер бабам еткеннен соң жырды аманат,
Біткен-ау, бүгін мынау ұлға қанат!
... Ақынның жанарының жарқылынан,
Санамды солқ еткізді бір ғаламат!..

Көрсеңіз сілкіністі түріндегі,
Сағынып күткен осы күнім бе еді?
Әлгінде тым-ақ жақсы тұр едім ғой,
Құдай-ау, тізем неге дірілдеді?!

Сүрінер кезі болар дүлдүлдің де,
Не дедім?
Бір нәрсені бүлдірдім бе?
Алаштың ақиығы ұнатпаса,
Оқимын қайда барып, жырды кімге?

Шыққандай ел алдына бірінші рет,
Таныттым неге ғана жылымшы леп?
Жо-жо-жоқ!
Қателестім, енді аңғардым,
«Бірегей» отыр екен күлімсіреп.

Алдыңда тұрғанын ұқ, қандай ұлан,
Апам-ау, жырыңды оқып сан байығам!
... Шуақты жүзін көріп «Бірегейдің»,
Суық тер шығып кетті маңдайымнан.

Демеңіз – жас перінің өтті бағы,
Қаулады көңілімнің көк құрағы.
«Бірегей» отты көзін маған қадап,
-Қарағым, есімің кім? - деп сұрады.

(Бақ бүгін қақты-ау менің есігімді),
Міңгірлеп әрең айттым есімімді.
Бағана сұсты еді ғой қас-қабағы,
«Бірегей» енді неткен кешірімді?!

-Аңғардым жырларыңның оты барын,
Нәр алған киелі ғой топырағың.
Өзіңдей жас ақындар жыр оқыса,
Сүйсініп келешекке отырамын.

Секілді капитаны жыр-кеменің,
Мықты ақын, ау, ағайын, бұл дегенің!
Кітабың шығып па еді?
(Шықпап еді,
Ақынның сұрағына үндемедім).

-Таланттар тас жарады – сенерсіңдер,
Ағайын, ақыл-ойға кемелсіңдер.
Ақынның абыройы асып қалсын -
Шығарып бір кітабын берерсіңдер!..

Уақыт – түс қайтқан шақ, сірә, бесін,
Еске алсам сол бір сәтті – шығады есім.
Айтқаны «Бірегейдің» жерде қалмай,
Ағайын орындады уәдесін.

Өр мінез бет-жүзіне қарасын ба,
Жазды апам жүрегімнің жарасын да.
Кеш соңы.
Ел далаға жөңкілуде,
Мен тұрмын өң мен түстің арасында...

***

Батырған қайран ақын, сыйға мыңды,
Істесе іс қылатын ұйғарымды.
... Шырылдап шын өнерге Шынар апам*,
Шығарып берді ақыры жинағымды.

Ақынға бітпес мәңгі сынағы ардың,
«Бірегей», көз алдыма тұра қалдың.
Кітапты қатты қысып кеуде тұсқа,
Ешкімге байқатпастан жылап алдым.

Қонбайды, түсінгенге, жыр өгейге,
Қолдасаң текті ұланың түлемей ме?!
Қолға алып кітабымның бір данасын,
Қолтаңба жазып қойдым «Бірегейге».

Жас демей, мені қадір тұта білді,
Қолдады – солай маған құт ағылды.
Келер жаз «Бірегейге» арнап барып,
Сыйлаймын өз қолыммен кітабымды!..

***

Қасірет бір-ақ сәтте дерт емізіп,
Бір қайғы тұла-бойды өртеді нық.
Фариза ақын өтті бұл өмірден,
Дүние сала берді төңкеріліп.

Құдайым!
Енді қай жан жырды ұғады?
Қиялым қия шыңнан құлдырады.
Өкініш өзегімді оттай қарып,
Жанарым ащы жастан бұлдырады.

Мұң мені тұңғиыққа лақтырды,
Жанымда – жауабы жоқ сұрақ түрлі.
Қабағым қасіреттен қабарды да,
Қара өлең дір-дір етіп жылап тұрды.

Шаттығын ұсынса да шүрегей-күн,
Ақынды есіме алмай түлемеймін.
... Кітабым әлі де тұр үй төрінде,
Қолына тимей қалған «Бірегейдің»...

Шынар апам - Шынар Қаппасқызы Жанасылова, өнер жанашыры, сол кездегі Сәтбаев қалалық білім бөлімінің бастығы.*

Төртінші бөлім
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕР



КҮН КҮЛІП ТҰР

Күнімайдың қылығы осы. Әткеншекті әліне қарамай қатты тебетіні соншалық, бүгін де құлап түсті. Мұндайға Күнімайға кінәліні іздеп керегі жоқ, жанұшырып жеткенімше жылауға «кірісіп-ақ» кеткен екен.

-Аяғым, ә-ә-ә!

-Қой, Күнімай, жылама!

-Ауырып барады, ә-ә-ә!

-Ештеңе етпейді, жазылып кетеді.

-Аяғым, ә-ә-ә!

Күнімай қоймақ түгіл жылауын үдете түсті. Аспандай тұп-тұнық көздерінің шарасына лезде жас үйірілді. Қап, енді қайттім?

-Күнімай, жылама! Айналадағы елден ұят болады, үп-үлкен боп жыласаң, саған күледі ғой.

Кенет Күнімай жылағанын қойып, айналаға көз салды.

-Кім күледі дейсің, аулада ешкім жоқ қой!

Айналаға көз салсам, қырсыққанда ешбір адам көрінбейді. Күнімай қайтадан жылай бастады.

-Аяғым, ә-ә-ә!

Біздің тірлігімізді көктегі күн ғана үнсіз бағып тұрғандай, басқа бір жан жоқ.

-Жылама, Күнімай! Күннен ұят болады.

Сасқанымда аузыма түскен сөз осы болды.

-Не дейсің, күн бізді көріп тұр ма?

-Әрине, күн бәрін де көреді ғой, әне қарашы, ол бізге қарап күліп тұр.

Күнімай көзін сығырайтып, күнге бір қарады да жылағанын қоя қойды.

Күн күліп тұр.

ЕҢ ЖАҚСЫ АНА

Күнімайдың шығармайтыны жоқ, күнде бір «жаңалық» ашады. Кеше кешкі астың үстінде анасы өзіне еміреніп еді, сұрағын жаудырта жөнелді.

-Анашым, мені жақсы көремісің?

-Әрине, құлыным!

-Сонда мені қатты жақсы көресің бе?

-Әрине, балапаным!

-Жо-о-қ, анашым, білесің бе, жер бетінде өз баласын сенен де жақсы көретіндер бар ғой...

-Сонда ол кім болғаны?

Анасы Күнімайға таңдана қарады. Күнімайдың айтқанына менің де қызығушылығым оянып, оның жауабына құлақ түре қойдым.

-Баласын ең жақсы көретін ана - Кенгуру! – деді ол бәрімізге қоқилана қарап.

-Неге олай дейсің? – деді анасы Күнімайға күлімсірей үн қатып.

-Білесіңдер ме, басқа аналар балаларын ертіп жүреді, ал Кенгуру балам шаршамасын деп қалтасына салып алады, - деді Күнімай.

-Күнім сол, қаласаң сені күнде көтеріп жүрейік, - деді анасы Күнімайды құшағына алып.

Күнімайды енді көтеріп жүретін шығармыз!..

АҒАШҚА ДА МЫҢ АЛҒЫС!..

Кешкі уақыт. Дастархан басында алғашқы ұстазымыз туралы әңгіме басталып кетті.

-Ұстаз болса, біздің Рымбала мұғалімдей-ақ болсын - деп, алдымен әкем көсілді. – Жүрген жүрісі, киген киімі, тіпті сөйлеген сөзіне дейін үлгі еді ғой!..

-Сен онан да біздің Айман апайды айтсаңшы - деп, анам да қалысар емес, - басқасын былай қойып, алғаш әріп танытып, қолыма қалам ұстатқанының өзіне мың алғыс!

-Тек ұстазға ғана емес, бәріміз ағашқа да қарыздармыз, - деді кенет Күнімай. Оның сөзі бәрімізді өзіне қаратты.

-Қызым-ау, ағашы несі? - деді анам аң-таң болып. Әкем де Күнімайдың сөзіне таң-тамаша.

-Кәдімгі ағаш, - деді Күнімай далада өсіп тұрған талдарды нұсқап.

-Біз оған неге қарыздармыз? – дедім сұраулы жүзбен Күнімайға қарап.

-Себебі, кітапты да, дәптерді де, тіпті қарындашты да ағаштан жасайды емес пе? – деді Күнімай күлімсіреп.

Күнімайдың жауабына қарсы не айтарсың?!

ҚҰЛЫН МҰНЫ БІЛЕ МЕ?

Жаз айы. Шіліңгір шілдеде атамыздың ауылына қыдырып келгенбіз. Биенің сауыны кезінде ағасы мен жеңгесінің қасында жүрген Күнімай құлынды енесіне жанастырып, қайта тартып алған ағасының әрекетін түсінбеді.

-Аға, құлынды неге тартып алдыңыз?

-Енесін иіту үшін ғой бәрі де...

-Сонда енесі құлыным еміп жатыр деп ойлап тұр ма?

-Иә.

-Сонда біз биенің сүтін алдап алып отырмыз ба? – деді Күнімай.

- ...

-Құлын мұны біле ме? – деді Күнімай үнсіз қалған ағасына реніште жүзбен қарап.

-Нені?

-Ол ішетін сүтті біз сауып алдық қой... Рұқсатсыз...

Ағасы үнсіз.

ҚЫЗАНАҚ ПЕН БАҒДАРШАМ

Бақшада арамшөп отап жүргенбіз. Қызанақ егілген тұста жүрген Күнімай мені дауыстап шақырды.
-Аға, бері келіңізші!
-Иә, не болды, Күнімай?
-Мына қызанақты қараңыз, қып-қызыл!
-Иә, көрдім. Қызыл болғаны - піскені.
-Ал, мына біреуі сары екен.
-Ол жақында пісетіні.
-Мына біреуі әлі көк екен.
-Ол кешірек піседі.
-Тоқта!
Күнімай ойланып қалды. Ойланған сәті тіпті қызық, қабағын сәл түйіп алатыны бар.
-Не болды, Күнімай?
-Бағдаршамды ойлап тапқан адам қызанақ егетін болса керек...
-Қалайша? Түк түсінсем бұйырмасын.
-Қызанақтың жасыл түсі «алаңдамай жүре бер, әзір піспеймін» дегені, сары түсі «жақында пісемін, үзіп алуға дайындал» дегені, ал қызыл түсі...
-Түсіндім, Күнімай! Дұрыс айтасың, кел, қызарған қызанақтарды жинап алайық!..
Ол әлі ойланып тұр. Тағы «жаңалық» ашатын шығар...

МАЗМҰНЫ

Дәуренбектің жыр- дәурені ***(Ғалым Жайлыбай)***..... 3

Бірінші бөлім
«Тағдырымның тамыры»

Жалғыз 6

Ай туыпты 7

Обалын ойлап өлеңнің... 8

Ұршық 9

«Өзгеге, өмір, арналды да көктемің...» 10

«Жанарыңның жарқылын...» 11

Қара шал. Қарагер 12

Күрсінеді, күрең түсті көлеңкем... 14

«Бізді ұға ма, жаһандық жаңа дәуір...» 16

Қара өлеңім - құлдығым 17

«Құсайын деймін, құса алмай жүрмін...» 18

Жол 19

Тұлпардың торығуы 20

Батискаф 21

Қараша. Қарағанды 23

Гүл алып бар 24

Сонда кітап сөйледі... 26

Толқынынан өткеннің сыр аңдыған, толқыған... 28

Тектілік тамырындай тереңдегі... 30

Екінші бөлім
«Тұмарым болған туған ел»

Өзенін Қараталдың кешіп өткен... 32
Қайран Абай 34
Аққыздың монологы 35
Таусылды нақақ көздің жасы бүгін... 37
Қазақты көріп, қайғы алам... 38
«Ер едің, Алашымның ары атанған» 41
Найзағай болып бір күн оят, баба... 42
Иманның шөлдеді елің бұлағына... 44
Медетбектің монологы 46
Жатпайды қап түбінде алмас-темір 48
Бата күтем 50
Белгісіз солдат 52
Қайран біздің бабалар... 54
Көлеңкелер қашады қайда осы, аға?.. 55
Жұмбақ жалған 57
Құтқарушы киемдей... 58
«Орталықтың» оқырманы 59
Сыйы сенсің – Тәңірдің 60
Тамыры бар тастың да... 62
Қоскөлге барғанда 64
Жез-айдын 65
Суретіңе қараймын күнде сенің... 67
Сарысу вальсі 68

Үшінші бөлім
«Балладалар мен поэмалар»

Бөрі бопты бабамыз... (баллада) 70
Тұлға тектілігі (баллада) 72
Кейкінің үңгірі (баллада) 75
Текті (поэма) 81
Ұлық би (поэма) 88
Бірегей (баллада) 97

Төртінші бөлім
«Балаларға арналған әңгімелер»

Күн күліп тұр 104
Ең жақсы ана 105
Ағашқа да мың алғыс... 106
Құлын мұны біле ме? 107
Қызанақ пен бағдаршам 108

Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

ЖАЛҒЫЗ

Басуға: 18.02.2026 ж. қол қойылды.
Пішімі: 60х84/16, көлемі 6,51 б.т.
Таралымы 200 дана, 34290 тапсырма.

«TENGRI Ltd» ЖШС
100000, Қарағанды қ. Челябинская көшесі, 13
Тел.: +7 /7212/ 43 19 54,
+7 700 222 30 22, +7 702 222 30 22
e-mail: tootengri@mail.ru